



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан




№34 (674)
20 ТАМЫЗ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

• 18 ТАМЫЗ - ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІ

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ ШЕКАРАДАН БАСТАЛАДЫ

«Отан – отбасынан басталады» деген қанатты сөз бар. Ал сол Отанның тұтастығы мен тыныштығы мемлекеттік шекараның беріктігіне байланысты. Мемлекеттік шекара – елдің тәуелсіздігі мен егемендігінің айқын белгісі. Сондықтан шекараны күзету – кез келген адамның қолынан келе бермейтін, аса жауапты әрі мәртебелі міндет. Шекарашы болу – жай ғана мамандық емес, ол – мемлекеттің алдындағы қасиетті борыш, үлкен сенім мен адалдықтың көрінісі.

КОЛЛАЖ А.НҰР



4



Гүлсая ЕРЖАН:

СПОРТТА ЕҢБЕК ПЕН ТӘРТІП ДАРЫННАН БІРІНШІ ТҰРАДЫ

Рингтегі кездесу – тек күш сынасу емес, еңбек пен темірдей тәртіптің жүздесуі. Күреске толы спорт әлеміне спортшы ешқашан кездейсоқ келмейді. Ал келсе, жеңіс пен батылдықты жүрекке тақап, туды биікке көтерімін дейді. Олардың бірі – Гүлсая Ержан. Шынашақтай сәтінен бокс әлеміне үлкен арман арқалап келген ол – бүгінде отандық спортта өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып келе жатқан қайсар спортшының бірі.

Азия чемпионатының жүлдегері, ұлттық құраманың үмітін арқалаған боксшыны еңгімеге тартып, спорт әлеміндегі қиындығы мен қуанышы туралы сұхбат құрдық.

7

БАҒА БЮДЖЕТКЕ БАҒЫНА МА?

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалғанын базардағы кептелістен-ақ байқауға болады. Сапалы дүниені іздеуге кететін уақыт пен жүйкені есептемегенде, баланы мектепке дайындауға кететін шығынның өзі бір төбе мәселе. Биыл оқушыға қажетті киім-кешек, аяқ киім мен кеңсе тауарларын сатып алу отбасы бюджетіне айтарлықтай салмақ салатын түрі бар. Бағаларға жүргізілген мониторинг те осыны көрсетіп отыр.



КОЛЛАЖ А.НҰР



2

Айдынбек ІСКЕНДІРОВ:

ТОМИРИС КИРДІҢ БАСЫН ҚУАННЫҢ БОЙЫНДА АЛҒАН

Сырдың төменгі ағысында Кирдің басын алып, әскерін тоқтатқан Томирисінің ерлігі әмбеге аян. Міне, сол оқиға Қармақшы топырағында, Қуанның бойында болған деседі. Тарих бетін парақтаған Айдынбек Айтбайұлы осы дерекпен бөлісті.

Иә... Қармақшы топырағы кие мен қасиетке тұнып тұр. Ағаш атқа мінген алты жасар баласы да жыраулар шығармасын жатқа білетін, бір ауылдан жүз шайыр шыққан мекен төрінде елдің өткені мен бүгінін сабақтастырар талай ескерткіш бар. Тарихтың тамырын тартып, Көшеней Рүстембеков атындағы «Жыраулар үйінің» директорының орынбасары, өлкетанушы Айдынбек Айтбайұлымен сұқбаттасудың сәті түскен еді...



6

Бала күнінде Ақтолықның төтті пісіруге деген қызығушылығы ерекше еді. Ол кезде бүгінгідей құрал-жабдық пен дайын өнімнің түр-түрі болмаған. Соған қарамастан, кішкентай қыздың қиялы кең болатын. Таба нанның үстіне сары май жағып, бидай сеуіп, оны әдемілеуге тырысатын. Ақтолық бұл қызығушылық жылдар өте келе өмірлік кәсібіне айналарын ол кезде білмеген еді. Бүгін біз шалғайдағы Қаратөрең ауылында негізі қаланған «Ақтолық төттілері» жайлы еңгімелейміз.




МЕН ДАЙЫНДАҒАН ӘР ӨНІМ ЕРЕКШЕ

8

«МӨЛДІР ӨЛЕН»: ТАЛАНТТАР ТОҒЫСҚАН ТӨР

Мамыр айының бел ортасында Алатаудың баурайында «Мөлдір өлең» ұлттық поэзиялық жобасының тұсауы кесілді. Еліміздің 17 облысы мен 3 мегаполисінен 20 команда, бас-аяғы 60 ақын қатысқан жобаның бүгінде екінші айналымы аяқталуға жақын. Алғашқы айналымы Алматы қаласында өткен жобаның келесі айналымы өзге аймақтарда өз жалғасын тапты.



Ақын жүрегінен туған жыр оқырманның жүрегіне жеткенде ғана өз биігін табады. Ал поэзияны көпшілікке жақындату, ақын мен оқырманның арасын жалғау үшін кейде жаңа формат, тың бастама қажет. «Мөлдір өлең» ұлттық поэзиялық жобасының дүниеге келуі де осындай қажеттіліктен туындаған. Қазақ өнердің қай түріне де бәсеке бар. Көкпардың дүбірі,

айтыстың алааманы, ән байқаулары мен түрлі шығармашылық додалар көрерменін қалыптастырып үлгерді. Ал жазба поэзиядағы ақындардың басын қосып, олардың шығармашылық мүмкіндігін сынға салатын, ел көлемінде тұрақты түрде өтетін ауқымды жоба жоқтың қасы еді. Осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат еткен ақын Мөлдір Айтбай тәуекелге бел буып, «Мөлдір

өлеңді» қолға алды. Қазақстан Жазушылар одағының қолдауымен алғаш рет ұйымдастырылған ұлттық жобаға 20 команда жасақталған. Әр командада үш ақыннан бар. Жоба шамамен 18 аптаға жоспарланып, бірнеше кезең арқылы үздіктерді анықтауды көздейді.

5

ФУТБОЛДЫ ФЕДЕРАЦИЯМЕН БІРГЕ КӨТЕРЕМІЗ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Манн Скотты қабылдады. Кездесуде аймақ спортын, соның ішінде футболды дамыту мәселесі талқыланды.

«Бүгінде өңірімізде футболды дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Біздің мақсатымыз – бұқаралық футболдан бастап кәсіби клубқа, академияға және Ұлттық құрамаға дейінгі біртұтас жүйе қалыптастыру. «Қайсар» футбол клубы жекешелендіріліп, оның ұзақмерзімді дамуына жаңа мүмкіндік берілді. Қазіргі таңда «Қайсар» футбол клубының заманауи базасы мен академиясы салынуда. Бұл нысандар балалар-жасөспірімдер футболын дамытып, клубтың өз тәрбиеленушілерін негізгі командаға жеткізеді. Сонымен қатар қызылордалық команда Қазақстан Кубогының жартылай финалына шықты. «Жеңіске»

қарсы алғашқы жартылай финалдық ойында «Қайсар» 3:1 есебімен жеңіске жетті. Екінші жартылай финалдық кездесу 19 тамызда өтеді. Осы ретте Сіздермен бірлесіп өңір футболын дамыту мақсатында ауқымды жұмысты бірлесіп атқаруға шақырамын», – деді Мұрат Нәлқожаұлы. Өз кезегінде Манн Скот ризашылығын білдіріп, ұсыныстарды бірлесіп талқылауға ниетті екенін жеткізді. Айта кетейік, 2022 жылдан бері аймақта 27 спорт нысаны пайдалануға берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 11 мың орындық «Қайсар Арена» стадионы салынып, өткен



айда УЕФА-ның IV санатты жоғары мәртебесі берілді. Облыс орталығында аумағы 25 мың шаршы метрлік

«Қызылорда Арена» спорт кешені бой көтеруде. Бұдан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігімен, Ұлттық компания-

лар, спорт федерацияларының қолдауымен маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтті. «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп, Қызылорда қаласында «Теннис орталығы» ашылды. Өткен жылы «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешені және Қызылорда қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған заманауи Инклюзивті спорт орталығы ел игілігіне табысталды. Бүгінде облыста 377 мыңнан астам тұрғын бұқаралық спортпен жүйелі шұғылданады.

«АЖ» ақпарат

ҚЫЗЫЛШАҒА БАЙЛАНЫСТЫ 5450 АДАМ ВАКЦИНА АЛДЫ



Қызылорда облысында эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Есепті кезеңде бақылаудағы 94 нозологияның 55 түрі бойынша ауру тіркелмеді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23 нозология бойынша сырқаттанушылық төмендеді. Әсіресе, «А» вирусты гепатиті мен тұмау көрсеткіштерінің азаюы профилактикалық шаралардың тиімділігін көрсетеді.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Гүлмира Сыздықова профилактикалық жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Жыл басында қызылшаға байланысты қосымша егу науқаны ұйымдастырылып, 5450 адам вакцина алды. Соның нәтижесінде наурыз-сәуір айларында қызылшаның бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ. Дегенмен иммунитеттен бас тарту мәселесі әлі де өзекті. Сондықтан халық арасында түсіндіру және вакцинациямен қамтуды арттыру жұмыстары жалғасуда. Сондай-ақ биыл адам папилломасы вирусына қарсы вакцинациялау жұмыстары кеңейтіліп, есепті кезеңде 3771 қыз бала вакцина алды. Аса қауіпті инфекциялар бойынша оба, құтырма, тырысқақ және сібір жарасы тіркелген жоқ. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының 11 жағдайы анықталды. Кене шағуына байланысты 1403 тұрғын медициналық көмекке жүгінген. Өнім қауіпсіздігі де тұрақты бақылауда. 58 нысаннан алынған 810 сынама зерттеліп, 133 сынаманың техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды. Сәйкесінше, бірқатар сауда нысандарына жедел ден қою шаралары қолданылып, талапқа сай емес өнімдер сатылымынан алынды, – деді Гүлмира Сыздықова.

Ауыз су сапасы бойынша да мониторинг жүргізілді. Орталықтандырылған су жүйелерінен алынған сынамалар зертханалық тексеруден өткізіліп, анықталған сәйкессіздіктер бойынша тиісті шаралар қабылданды. – Балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуде. Мектептер, мектеп-интернаттары мен асханаларға мониторинг жүргізіліп, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде нұсқамалар берілді. Жазғы лагерьлердің дайындығы, ауыз су сапасы, тамақтану және санитариялық жағдайы да тұрақты бақылауға алынды. Алдағы кезеңде вакцинациямен қамтуды арттыру. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу, білім беру және қоғамдық тамақтану нысандарындағы санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өнім қауіпсіздігін бақылауды күшейту негізгі бағыттардың бірі болып қала береді, – деді департамент басшысы.

Қызылорда облысының
Өңірлік коммуникациялар қызметі

«ҚАЗСУШАР» ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Су ресурстары және ирригация министрлігінің келісімімен, «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бұйрығымен «Қазсушар» РМК облыстық филиалының директоры қызметіне тағайындалған Мырзаев Ибадулла Абдуллаұлы таныстырылды.



Облыс әкімі жаңа басшыға су шаруашылығы нысандарын жаңғырту және цифрландырудың кешенді жоспарына енгізілген шараларды уақытылы орындауды, шаруашылықтарға су жеткізіп беру қызметін сапалы ұйымдастыруды және қыс-көктем мезгіліндегі су тасқынының алдын алуды тапсырды. Ибадулла Абдуллаұлы 1976 жылы Түркістан облысында дүниеге келген. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Экономика және менеджмент», Тараз мемлекеттік университетінде «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтары бойынша білім алған. 2003-2007 жылдары «Оңтүстіксушар» кәсіпорнында экономист, бас экономист болған. 2007-2013 жылдары Су ресурстары комитетінде түрлі лауазымдарда еңбек еткен. Кейінгі он жыл көлемінде «Қазсушар» мекемесінің Астана қаласындағы орталық аппаратында, Ақмола, Қарағанды облыстарының өңірлік филиалдарында басшылық қызметте болған. 2024 жылдан осы күнге дейін республикалық «Қазсушар» мекемесі бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

Басы 1-бетте

БАҒА БЮДЖЕТКЕ БАҒЫНА МА?

Алдымен сапа, алайда...

Алдымен ірі сауда орталықтарындағы бағаға тоқталсақ. Себебі ел бойынша жүргізілген мониторинг осы сауда орталықтарына басымдық берген. Зерттеу барысында Қазақстандағы бірқатар ірі дүкендер мен маркетплейстердегі мектеп тауарларының құны салыстырылған. «Детский мир», Flip, Sportmaster сияқты дүкендермен қатар Ozon және Wildberries платформаларындағы бағалар қаралған. Нәтижесінде мектепке қажетті заттардың толық жиынтығының бағасы баланың жынысына және тауардың қай жерден сатып алынатынына қарай айтарлықтай өзгереді. Мәселен, желілік дүкендерде қыз балаға арналған мектеп жиынтығына шамамен 78 мыңнан 207 мың теңгеге дейін қаражат қажет. Ұл балаға арналған жиынтықтың құны 75 мыңнан 205 мың теңгеге дейін жетеді.

Ал маркетплейстердегі баға одан да жоғары болуы мүмкін. Қыз балаға қажетті мектеп тауарларының толық жиынтығы 97-211 мың теңге аралығында болса, ұл бала үшін бұл сома 110-251 мың теңгеге дейін барады.

Алғашқы кейіпкеріміз Әйгерім Оразбекқызы жаңа оқу жылына дайындықты танымал сауда орталықтарынан бастапты. Бұл жақтағы баға көпшілік үшін қолжетімді емес, бірақ соған сай сапа да жоғары.

– Балаларыма оқу жылына қажетті киімді «Tiffan», «Детский мир» дүкендерінен алдым. Бұл жақта бір балаға спорттық киім 20-25 мың, аяқ киім – 32 мың, шалбар жеңілдікпен – 8 мың. Базармен салыстырғанда екі есе қымбат. Өзірге бір балаға орта есеппен 100 мың теңге жұмсадық. Бұл бағаға оқу құралдары есептелген жоқ, оларды енді аламыз, – дейді көп балалы ана.

Қай кезде де «қалтаңа қарай көсілетінін» рас. Мұндай ірі сауда орталықтарынан алынған тауардың сапасы да көпке шыдас беріп, қымбат екенін көрсетпей қоймайды. Алайда мұндай бағаны көпшіліктің қалтасы көтере бермейтіні тағы бар.

Ең көп қымбаттаған тауар – аяқ киім

Мектепке дайындық кезінде ата-ана шығынын көбейтетін негізгі санаттың бірі – балалардың аяқ киімі. Ұлттық статистика бюросының деректерін талдау нәтижесі соңғы бір жылда бұл тауарлардың бағасы тұрақты түрде жоғары болғанын көрсетеді. Балалар аяқ киімінің баға индексі 112-115 пайыз аралығында сақталған. Ең жоғары көрсеткіш 2025 жылдың жаз айының соңында байқалған. Мамандар мұны аяқ киімге деген сұраныстың маусымдық өсуімен байланыстырады. Оқу жылы басталар алдында ата-аналардың жаппай аяқ киім сатып алуы бағаның көтерілуіне әсер етеді. Сондықтан аяқ киімді соңғы сәтке дейін күтпей алған тиімді болуы мүмкін.

Ал мектеп формасына қатысты жағдай біршама өзгеше. Ұлттық статистика бюросы биыл қантар айынан бастап мектеп формасының



Сурет «АЖ» арқылы жасалған

бағасы бойынша жеке статистика жүргізе бастады. Жарияланған мәліметтерге сәйкес, жыл басында мектеп формасының баға индексі 110 пайызды құраған. Маусым айында бұл көрсеткіш 107 пайызға дейін төмендеген. Яғни бағаның өсу қарқыны біртіндеп бәсеңдеп келеді. Дегенмен бұл мектеп формасы арзандады деген сөз емес. Керісінше, тауар бағасы өткен кезеңмен салыстырғанда әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Осы орайда базарда сатушы болып қызмет жасайтын Гүлмира Тәкенқызымен де тілдестік. «Баға қымбат» деген уәжімізге кәсіпкер келіскендей жауап берді.

– Оқу жылы жақындаған кезде мектепке қажетті киім-кешек, аяқ киім, сөмке және кеңсе тауарларына сұраныс бірден көбейеді. Сұраныс артқан соң кейбір тауарлардың бағасы да көтеріледі. Оның үстіне, біз тауарды өзіміз де көтерме бағамен қымбаттырақ аламыз. Жол ақысы, жалдау ақысы сияқты шығындар да бар. Сондықтан бағаны амалсыздан көтеруге тура келеді. Дегенмен, сатып алушыларға қолжетімді болсын деп, мүмкіндігінше бағаларды қатты өсірмеуге тырысамыз, – деп ағынан жарылды сатушы.

Күн ыстығы басыла қоймаған тұста базарға барған біз «Баға неге қымбат?» деп айтуға сәл қымсынып қалғанымыз бар. Алдына келген тұтынушыға жарты сағат уақыт бөліп, бәрін егжей-тегжей түсіндіріп, базардың қапырық ауасында тер төккен сатушы еңбегі сол бағаға тұратындай көрінді.

Оқушының киімінен бөлек, кеңсе тауарларына кететін шығын да қалтаны қақпай қоймайтыны тағы бар. Соңғы бір жылда кеңсе тауарларының баға индексі 103-107 пайыз аралығында өзгерген. Ал 2026 жылдың маусым айында бұл көрсеткіш 105 пайыз деңгейінде тіркелді.

– Оқу жылы жақындағанда мектепке қажетті заттардың бағасы бірден қымбаттап кететіні бізге қиын тиеді. Бір балаға киім, аяқ киім, сөмке, оқу құралдарын алу оңай емес, ал бірнеше баласы бар отбасына бұл үлкен шығын. Бағаның осылай өсуі әсіресе көпбалалы отбасылардың жағдайын қиындатады. Сондықтан оқу құралдары мен мектеп киімдерінің бағасын қолдан қымбаттатпай,

халықтың жағдайын ескерсе екен дейміз. Баланың білімі мен оқуына қажетті заттар әр отбасыға қолжетімді болуы керек, – дейді көпбалалы ана Аида Ескермес.

Осы тұста жыл сайын ұйымдастырылатын «Мектепке жол» акциясы ата-ана үшін аз да болса көмек екені рас. Апта басында облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлы бұл бастаманың тұрақты жүргізілуін нықтап тапсырды.

«Мемлекеттік мектептерде білім алатын, бірақ тиісті көмекпен қамтылмай қалған көпбалалы, тұрмысы төмен отбасы балаларына қажетті көмек көрсетілуі тиіс. Ал жеке мектептерде оқитын көмекке мұқтаж оқушылардың мәселелерін демеушілер есебінен шешуіміз қажет. Сондай-ақ жаңа оқу жылы қарсаңында базарлардағы, сауда орындарындағы оқу құралдары, мектеп формасы бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу керек. Жергілікті кәсіпкерлердің жәрменкелерін тұрақты өткізіп, оқу құралдарының жеңілдікпен сатылуын ұйымдастырыңыздар», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Арзан баға қайда?

Мектепке дайындық кезінде ақшаны үнемдеудің бірнеше жолы бар. Сарапшылардың мәліметінше, кейбір тауарларды дүкеннен емес, базардан сатып алу тиімді. Жеке-леген өнімдердің бағасында 500-1000 теңгеге дейін айырмашылық кездеседі.

Интернет-дүкендер де бюджетке салмақты азайтуға мүмкіндік береді. Онлайн платформалардағы кейбір тауарлар базардағы бағадан 500-700 теңгеге арзан түседі. Алайда интернет арқылы сатып алудың өзіндік тәуекелдері бар. Мысалы, тауардың сапасы күткен деңгейден төмен болуы, киімнің өлшемі сәйкес келмеуі немесе тапсырыстың кешігіп келуі ықтимал.

Сондықтан мектепке дайындық кезінде ата-аналар үшін ең тиімді тәсіл – қажетті заттардың тізімін алдын ала жасап, бірнеше сауда нүктесіндегі бағаларды салыстыру. Бұл бір жағынан артық зат сатып алудан сақтаса, екінші жағынан отбасы бюджетін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

САРЫ ЖОТАДАН САНДЫҚ БАСҚАРУҒА ДЕЙІН

Алыстан қарағанда қойма ішіндегі сап-сары үйінді шағын жотаға ұқсайды. Күн сәулесі түскен тұсы алтын реңкке боялған. Бұл – Атыраудан теміржолмен жеткізілген түйіршікті күкірт. Оның әр түйірі бірнеше технологиялық кезеңнен өтіп, уран өндірісіне қажет қышқылға айналады. 12 тамызда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ ұйымдастырған баспасөз турымен «СКЗ-У» ЖШС-не келгенде көрген алғашқы әсерлі көрінісіміз осы болды.

Зауытта кірер сәттің өзі өндірістің мінезін аңартты. Қауіпсіздік мамандары белгіленген бағыттан шықпау, қорғаныш құралдарын шешпеу және дабыл кезінде әрекет ету тәртібін түсіндірді. Содан соң арнайы киім, каска, көзілдірік, бетперде, қорғаныш қалқаны мен қолғап тақтық. Микрофонды қолғаппен ұстау алғашында тосындау көрінгенімен, зауыт аумағына енгенде әр талаптың адам өмірі үшін қажет екенін түсінесің.

Кәсіпорын аудан орталығынан 17 шақырым жерде орналасқан. Мұндай таңдау іргелес жатқан «Хорасан-1» және «Хорасан-2» уран кеніштерін күкірт қышқылымен тұрақты камтамасыз етуге мүмкіндік берген. Серіктестік 2007 жылы құрылып, алғашқы өнім 2012 жылы алынды, ал 2013 жылдан өнеркәсіптік өндіріс толық жолға қойылды. Бүгінде зауыт тәулігіне 1500 тонна, жылдығына 500 мың тонна қышқыл өндіруге қауқарлы. Кей жылдары көлем 510–520 мың тоннаға дейін жеткен.

Өндіріс тарихында бірнеше елдің қолтаңбасы бар. Жобаны «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, жапониялық SAP-Japan Corporation және Британдық Виргин аралдарында тіркелген UrAsia London Limited жүзеге асырған. Негізгі жабдықты итальяндық BALLESTRA жеткізсе, кешенге Франциядағы General Electric бу турбогенераторы, Termodup турбинасы мен Brush генераторы енгізілген. Қышқыл MECS (Monsanto) лицензиясындағы қосарлы конверсия және қосарлы абсорбция технологиясымен алынады. Бұл – қауіпсіздік пен тиімділікті жүйелі бақылауға құрылған халықаралық тәжірибенің Сыр бойындағы көрінісі.

Бұл атаулардың зауыт ішінде қалай жұмыс істейтінін көру одан да қызық. Күкірт қышқылы зауытының директоры Сәбит Дауылбаев бізді шикізат қоймасынан негізгі өндірістік желіге дейін таныстырды. Кәсіпорын жылына 160 мың тоннаға дейін түйіршікті күкірт өңдейді. Вагоннан түскен шикізат қоймаға, одан әрі балқыту

аймағына жөнелтіледі. Сары түйіршіктің қышқылға айналуына жоғары температура, дәл есеп және үздіксіз бақылау керек.

– Түйіршікті күкіртті 135 градус температурада балқытып, сүзгілеуден өткіземіз. Сұйық шикізат пеште жағылады, онда температура 1000 градусқа дейін көтеріледі. Газ 400 градусқа дейін салқындатылып, күкірт диоксиді ванадий катализаторы арқылы күкірт триоксидіне айналады. Соңғы кезеңде газ абсорбция базандарынан өтіп, күкірт қышқылы алынады, – деді Сәбит Дауылбаев.

Қоймадағы сары түс соңғы нүктеде көзге көрінбейді: дайын қышқыл – түссіз сұйықтық. Оның бастапқы концентрациясы 98,5 пайыздан асады. Кейін көрсеткіш тұтынушы талабына сай төмендетіліп, өнім теміржол цистерналарымен «Хорасан-1», «Хорасан-2» кеніштері мен Шиелі өңіріндегі уран кәсіпорындарына жөнелтіледі. Қышқыл кен құрамындағы уранды ерітіндіге өткізуге көмектеседі, ал уран сіңген сұйықтық екінші ұңғымамен жер бетіне шығарылады. Демек, зауыттың бір күндік жұмысы бірнеше кеніштің ырғағына әсер етеді.

Күкірт жанғанда бөлінетін мол жылу ауаға жіберілмей, бу өндіруге жұмсалады. Бу турбинаны қозғалысқа келтіріп, электр энергиясы алынады. Химиялық өндіріс осылайша өзіне қажет қуаттың едәуір бөлігін өзі шығарып, артылғанын сыртқы желіге береді. Мұнда тиімділік өнім көлемімен ғана емес, шикізат пен энергияны барынша толық пайдаланумен де өлшенеді.

– Өндірілген электр қуатының 5–6 мегаваты зауыттың өз қажеттілігіне жұмсалады. Сыртқы желіге 10–11 мегаватқа дейін беруге мүмкіндігіміз бар. Күкірт қышқылын алу кезінде бөлінген жылыуды қайта пайдалану сырттан келетін электрге тәуелділікті азайтып, бүкіл үдерістің тиімділігін арттырады, – деді зауыт директоры.

Темір құбырлар арасынан орталық басқару бөлмесіне

кіргенде көрініс күрт өзгереді. Мониторларда температура, қысым, газ қозғалысы мен жабдықтардың күйі сан және сызба түрінде көрініп тұр. Сыртта мың градусқа дейін қызған пеш жұмыс істесе, оның әр қадамы осы тыныш бөлмеден бақыланады. Қазіргі өндірісте каска мен қолғап қаншалық қажет болса, сандық сауат пен мұқият талдау да соншалық маңызды екенін осы жерден аңғардық.

Монитордағы көрсеткіштің дұрыстығы зертханадағы талдаумен бекітіледі. Мұнда Атыраудан келген күкірттен бастап дайын қышқылға, технологиялық су мен мұржадан шығатын газға дейін тексеріледі. Өлшеу құралдарының әрқайсысы үлкен өндірістің шағын, бірақ шешуші бөлігі. Зертхана басшысы Жадыра Сүлейменованың айтуынша, сапаны бақылау дайын өнімнен емес, шикізат вагоннан түскен сәттен басталады.

– Алдымен түйіршікті күкірттің сапа паспортындағы көрсеткіштерге сәйкестігін анықтаймыз. Оның күлділігін, органикалық қоспалары мен қышқылдығын тексереміз. Дайын өнімнен моногидрат концентрациясы, темір мөлшері мен құл қалдығы зерттеледі. Газдың құрамы мен ылғалдылығы, контактілеу және абсорбция кезеңдеріндегі көрсеткіштер де назардан тыс қалмайды, – деді Жадыра Сүлейменова.

Зертхана технологиялық судың құрамын да тексереді, өйткені сапасыз су жабдықтарда шлам мен қажеттілігіне анықтаймыз. Оның күлділігін, органикалық қоспалары мен қышқылдығын тексереміз. Дайын өнімнен моногидрат концентрациясы, темір мөлшері мен құл қалдығы зерттеледі. Газдың құрамы мен ылғалдылығы, контактілеу және абсорбция кезеңдеріндегі көрсеткіштер де назардан тыс қалмайды, – деді Жадыра Сүлейменова.

– Әр маман қауіпсіздік талаптары мен лауазымдық нұсқаулығын дәл орындауға тиіс. Бір ғана дәлсіздік технологиялық үдеріске әсер етуі мүмкін, сондықтан барлық талдау бекітілген стандартпен жүргізіледі, – деді Ж.Сүлейменова.

Қауіпсіздік нұсқамамен шектелмейді. Қызметкерлер ауысым алдында автоматтандырылған медициналық тексеруден өтеді, медициналық қызмет тәулік бойы



жұмыс істейді. Мамандар алғашқы көмек көрсетуге және автоматты сыртқы дефибриляторды қолдануға үйретілген. Мұндағы тәртіп жауапкершілікті күнделікті дағдыға айналдырған.

Өндірістің сандық келбеті жастарға да ой салады: мұнда механик, энергетик, химик, зертханашы мен операторға орын бар. 2026 жылғы 31 шілдедегі мәлімет бойынша «СКЗ-У» ЖШС-де 276 адам еңбек етеді, соның 259-ы күкірт қышқылы зауытында жұмыс істейді. Қызметкерлердің 83 пайыздан астамы – Жаңақорған ауданы мен облыстың өзге аудандарының тұрғындары. Кәсіпорын жергілікті кадр үшін кәсіби мектепке айналған.

Күкірт қышқылы өндірілген жерде экология туралы сұрақ занды. Өндірістің жалпы тиімділігі 99,7 пайызға, ал абсорбция кезеңіндегі көрсеткіш 99,9 пайызға жуықтайды. Қосарлы конверсия мен қосарлы абсорбция шикізатты толық өңдеп, газды бірнеше кезеңмен тазартуға бағытталған. Тәуелсіз мамандар тоқсан сайын зауыт пен Кейден ауылындағы ауа, су және топырақтан сынама алады, ал зертханалық бақылауды автоматтандырылған онлайн мониторинг толықтырады.

– Экологиялық қауіпсіздікке бірінші кезекте мән береміз. Тәуелсіз зертхана мамандары тоқсан сайын келіп, зауыт аумағымен бірге көршілес елді мекендегі ауаның, суың және топырақтың жағдайын тексереді. Осы күнге дейін белгіленген нормадан асқан жағдай тіркелген жоқ, – деді «СКЗ-У» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Даирбек Әббешев.

Автоматтандырылған жүйе шығарындыларды күндіз-түні бақылап, мәліметті Экология департаменті мен тиісті комитетке онлайн жолдайды. Көрсеткіш өзгерсе, оны жедел анықтауға болады. Кәсіпорынның қауіпсіздік пен қоршаған ортаға жауапкершілігі

«Парыз» байқауында бағаланып, компания облыстық және республикалық кезеңде бірінші орын алған. Дегенмен зауыттың ауданмен байланысы марапатпен шектелмейді.


Кейден ауылында жыл сайын 1200-ден астам көшет отырғызылады. Тұрғындардың 2024 жылғы өтінішінен кейін балаларға жаңа күрес залы салынды. Бұрын пеш жағылатын ғимаратта жаттыққан жеткіншектер қазір барлық жағдайы бар нысанда дайындалады. Өндірістің аймаққа пайдасы кейде тоннамен, кейде баланың алаңсыз жаттығуымен өлшенеді.

– Кәсіпорын өндіріс көлемімен бірге айналасындағы елді мекендердің тіршілігіне де үлес қосуы керек, – деді Даирбек Әббешев.

Сапар соңында қасқаны өткізгенде күрделі үдеріс қысқа тізбекке сыйып кеткендей көрінді: Атыраудан келген күкірт балқып, газға айналып, конверсия мен абсорбциядан өтіп, уран өндірісіне қажет қышқыл болып шығады. Бірақ әр буында адам тұр. Бірі шикізат түсіреді, бірі монитордан қысымды бақылайды, енді бірі зертханада тамшының құрамын өлшеп, қоршаған ортаның көрсеткішін қадағалайды.

Қызылордаға қайтар жолда терезе сыртындағы дала тым-тырыс көрінді. Ал сол кеңістіктің бір тұсында пеш жанып, турбина айналып, жүздеген адам еңбек етіп жатыр. Жаңақорғандағы сапар өндіріс қуатының алып қондырғымен ғана өлшенбейтінін көрсетті. Оның шын қуаты – дәлдікке үйренген маманда, қауіпсіздікті әдетке айналдырған ұжымда және бір түйір шикізаттың өзін ел қажетіне жарата білген технологияда.

Ердаулет ҚАЛИЕВ
Қызылорда – Жаңақорған –
Қызылорда



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

орнында 1846 жылы механикалық әдіспен алғашқы барлау ұңғымасы қазылды.

• Пенсильваниядағы серпіліс (1859 ж.): Эдвин Дрейк топырақ опырылып кетпеу үшін қазған сайын құбыр тастау әдісін қолданып, 21 метр тереңдіктен мұнай көзін тапты. Бұл оқиға әлемде үлкен мұнай өнеркәсібінің басталуына жол ашты.

Қазақстанда мұнайдың табылуы

• Қарашүңгіл (1899 ж.): Қазақ жерінде алғашқы мұнай фонтаны 1899 жылы Атырау облысы аумағындағы Қарашүңгіл шоқысында қазылған 40 метрлік ұңғымадан атқылады.

• Доссор (1911 ж.): Одан кейін 1911 жылы Доссор кен орнында терен бұрғылау жұмыстары сәтті өтіп, нағыз өнеркәсіптік мұнай өндірісі басталды.



Алғашқы мұнай туралы не білеміз?

Әлемде алғашқы өнеркәсіптік мұнай 1859 жылы 27 тамызда АҚШ-тың Пенсильвания штатындағы Тайтусвилл қаласы маңында Эдвин Дрейк есімді америкалық бұрғылаған ұңғыма арқылы табылды. Ол жер бетіне шығып жатқан қара майды арнайы паромашина мен темір құбырлар көмегімен алғаш рет тереңнен өндірді.

Мұнайды табу тарихының негізгі кезеңдері

• Ежелгі заман және табиғи көріністер: Адамдар мұнайдың жер бетіне шығып жатқан жерлерін (бұлақтар мен көлдерді) ертеден білген. Мысалы, жергілікті тайпалар мен тұрғындар оны су бетінен жинап, емдомға немесе жарық пен жағармай ретінде пайдаланған.

• Алғашқы ұңғымалар: Ресей империясына қарасты Әзірбайжандағы Биби-Эйбат кен

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ ШЕКАРАДАН БАСТАЛАДЫ

Басы 1-бетте

Жыл сайын 18 тамыз елімізде Шекарашылар күні ретінде аталып өтеді. Бұл күн – тәуелсіз еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген шекарашыларға көрсетілетін ерекше құрметтің белгісі. Осы мерекеде халық олардың ерен еңбегін бағалап, елге сіңірген қызметіне алғыс білдіреді. Себебі бейбіт өмірдің әрбір сәтінің артында көзге көрінбейтін



қажырлы еңбек пен қырағы күзет тұр. Ел тыныштығын күзеткен шекарашыларымыздың қоғамдағы беделімен, ел алдында атқарып жүрген еңбектерінің қаншалықты бағаланатынын, қызметі жайлы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің офицері, аға лейтенант Әкімжан Еркінұлымен сөйлескен едік.

Әрине, шекара шебіндегі жауапты қызметке қызығатындар көп. Әйтсе де, бұл қызметтің ауырлығы да бір атанға жүк болардай. Жауапкершілік жүгі де жеңіл емес. Тіпті бұл қызметке қабылдау тәртібі де ерекше.

– Шекара қызметіне 18 жасқа толған азаматтар қабылданады. Үміткердің орта арнаулы немесе жоғары білімі болғаны дұрыс. Сонымен қатар дене дайындығына да үлкен мән беріледі. Себебі шекарашының қызметі оңай емес, әрдайым физикалық тұрғыдан дайын болып, кез келген жағдайға төтеп бере алуы керек. Одан бөлек, тәртіпке бағыну, жауапкершілік және Отанға деген сүйіспеншілік те маңызды қасиеттердің бірі, – дейді Әкімжан Еркінұлы.

Оның айтуынша, қызметке келген жас сарбаздар ең алдымен әскери өмірге бейімделеді. Күн тәртібіне, әскери тәртіпке үйреніп, өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды меңгереді. Дене шынықтыру жаттығуларына қатысып, қару-жарақпен жұмыс істеу, шекараны күзету сияқты қызметтік бағыттар бойынша дайындықтан өтеді. Бұл дайындықтардың барлығы жас шекарашының өз міндетін дұрыс әрі жауапкершілікпен атқаруына бағытталған. Қазақтың батыры Бауыржан Момышұлы «тәртіпке бас иген құл болмайды» деп еді ғой. Әскердегі темірдей тәртіптің жайы бөлек. Өзіне тән ережелері де бар.

– Шекара қызметінде тәртіп бірінші орында тұрады. Әр әскери қызметкер белгіленген күн тәртібін сақтап, өзіне берілген тапсырманы уақытында орындауы керек. Үлкенді сыйлау, басшылықтың тапсырмасын орындау, бір-біріне қолдау көрсету сияқты қарапайым дүниелердің өзі әскери ортада маңызды. Себебі шекара қызметінде бір адамның жауапсыздығы бүкіл қызметке кері әсер


етуі мүмкін. Сондықтан әркім өз міндетіне мұқият қарайды, – дейді аға лейтенант.

– Негізгі міндеті – тәуелсіз еліміздің шекарасын қорғау және оның тұтастығын сақтау, – деп алысқа көз тастады офицер.

Иә, шекара шебіндегі ерен еңбектің қайсыбірі де тәуелсіз қазақ елінің жарқын болашағы үшін емес пе?! Мұндағылардың қайсарлығы мен асқақ рухын отандық фильмдерден де көріп жүрміз. Кейде жай фильм ғой деп қарауымыз мүмкін. Бірақ «Алтыншы пост», «Шекара шебінде» фильмдерін көргенде құйқаң шымырлап, кеуденді бір алапат сезім билейді.

– Шекарашы үшін ең бастысы – елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі. Мемлекеттік шекараны күзету барысында белгіленген тапсырмаларды орындап, шекара тәртібін бақылауға атсалысады. Бұл – үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет. Өйткені шекарада тұрған әрбір әскери қызметкер елдің қауіпсіздігіне өз үлесін қосып жүр, – дейді аға лейтенант.

Расында осылай. Тұн баласы дамыл көрмей, Отан қорғау жолында кірпік қақпай жүрген талай тарланға халықтың ризашылығы зор. Олардың күн тәртібінде бір сәт те бос орын жоқ.



Шекара-шылардың еңбегі әрдайым көзге көріне бермейді. Олар сахнада өнер көрсетпейді, көпшіліктің алдында жиі марапатталмайды. Бірақ олардың тәулік бойғы қырағылығының арқасында миллиондаған адам бейбіт өмір сүріп, алаңсыз еңбек етеді. Нағыз ерлік көбіне үнсіз атқарылады. Шекарашылардың еңбегі дәл сондай – үнсіз, бірақ аса маңызды еңбек екені рас. Тек мереке қарсаңында ғана емес, үнемі сөз етіліп еңбектері мадақталып отыру керек. Осы орайда, дәл осындай жауапты жолда қызмет атқарып жүрген, шекара қызметін өмірлік ұстанымына айналдырған сержант Айдос Бөрібеков – көпшілікке үлгі.



– Әрбір атак пен әрбір медальдың артында қаншама маңдай тер, тынымсыз жаттығу және өзіме деген жоғары талап жатыр. Талапшылмын, өзімді аямаймын. Жарыс алаңындағы жеңіс бір сәттік нәтиже болып көрінгенімен, сол жеңіске бастар жол жылдарға созылатын қажырлы еңбекпен өлшенеді. Спорт маған тек физикалық күш-қуат берген жоқ. Ол сабырлылық, төзімділік, жігер және қиындыққа

осы талаптардың үдесінен шығып, қызметтік міндеттерін жоғары жауапкершілікпен орындап келеді.

Оның әрбір әрекеті жас сарбаз үшін үлгі, әрбір айтқан сөзі – бағыт, әрбір көрсеткен ісі – өнеге. Сержант Бөрібеков қызмет барысында жас сарбаздарға тәлімгерлік көрсетіп, олардың әскери тәртіпті меңгеруіне, дене дайындығын жетілдіруіне және қызметтік міндеттеріне жауапкершілікпен қарауына өз үлесін қосып келеді. Әсіресе оның спорттағы мол тәжірибесі жас әскери қызметшілер үшін үлкен мектеп іспетті. Азия және Әлем чемпионаттарындағы жарыс тәжірибесі, самбо мен қоян-қолтық ұрыстағы шеберлігі, дзюдодағы дайындығы – кейінгі буынға үйретер мол тәжірибенің қайнар көзі. Ол жас сарбаздарға жеңістің дайын күйінде келмейтінін, кез келген нәтижеге тек маңдай тер, еңбек пен табандылық арқылы жетуге болатынын өзінің өмір жолымен дәлелдеп келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Айдос Кенжебекұлының кейінгі буынға берер тағылымы мол. Оның өмір жолы жас сарбаздарға тәртіптің маңызын, спорттағы еңбектің нәтижесін және әскери қызметтегі жауапкершіліктің салмағын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сержант Бөрібековтің әскери қызметтегі жауапкершілігі мен адалдығы бірнеше мәрте басшылық тарапынан жоғары бағаланып, түрлі марапаттарға ие болуына негіз болды. Алайда кез келген марапаттың сыртында көзге көріне бермейтін орасан еңбек бар. Ел шебінде қызмет ететін әскери қызметшінің еңбегі кейде үнсіз атқарылады. Оның нәтижесі күн сайын жаңалық болып көрінбеуі мүмкін. Бірақ сол елеусіз көрінетін еңбектің арқасында қаншама отбасы алаңсыз ұйқыға кетіп, қаншама бала бейбіт өмір сүріп, білім алып, болашағын еркін жоспарлап келеді. Сондықтан әскери қызметшінің ең үлкен марапаты – ел тыныштығына қосқан үлесі. Айдос Кенжебекұлы да өз қызметін дәл осы түсінікпен атқарып келеді. Ол үшін әскери қызмет – жай ғана жұмыс емес. Бұл – азаматтық парыз. Бұл – қасиетті антқа адалдық. Бұл – туған жер алдындағы жауапкершілік. Кейіпкеріміз қазіргі уақытта ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Кәрібайбұлақ» шекара бөлімшесінде абыройлы қызмет атқарып келеді.

Айдос Бөрібеков үшін ең үлкен марапат – туған елінің амандығы. Ол көк байрағымыздың көкте желбіреп тұрғанын көрген сайын жүрегің мақтаныш кернейді. Өйткені ол өз қызметінің ел тағдыры үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеді. Әрбір күзетке шыққан сайын ол халқына берген анттына адал болуға серт береді.

Шекара шебінде қырағылық танытып, Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен атқарып жүрген сержант Бөрібеков Айдос Кенжебекұлының қызмет жолы кейінгі буынға әрдайым үлгі болғай. Елге қызмет ету жолындағы еңбегі еселеніп, әскери өмірдегі абыройы асқақтай берсін! Шаңырағына шаттық, отбасына амандық, балаларына бақыт, өзіне мықты денсаулық пен қажымас қайрат тілейміз. Отанға адал қызмет ету – әр азаматтың ел алдындағы ең үлкен абыройы деп білеміз.

Қорытындылай келе, Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы шекарашылардың еңбегін құрметтеуі тиіс. Себебі ел тыныштығы мен мемлекеттің қауіпсіздік – кез келген мемлекеттің ең қымбат байлығы. Ал сол байлықты сақтап тұрған азаматтар – шекарашылар. Олар тек шекараны ғана емес, халқымыздың бейбіт өмірін, ұрпағымыздың жарқын болашағын қорғайды. Елдің тәуелсіздігі мен тыныштығы жолында аянбай еңбек ететін шекарашылар – халқымыздың мақтанышы, мемлекетіміздің сенімді қорғаны. Сондықтан олардың еңбегін бағалау, құрметтеу және кейінгі ұрпаққа үлгі ету – әрбір азаматтың парызы.

Фариза ТӨРЕХАНОВА

БӨРІБЕКОВ БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС КӨП

Айдос Кенжебекұлының өмір жолына үңілесек, кәсіби әскери қызметкер болып қалыптасуының кездейсоқ емес екенін аңғарамыз. Бұл – бала күннен басталған спортқа деген сүйіспеншіліктің, жастық шақтағы әскери шыңдалудың, жылдар бойы жинақталған мол тәжірибенің және Отан алдындағы азаматтық борышқа деген адалдықтың сабақтастығы. Айдос Кенжебекұлы Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентінде дүниеге келген. Жастайынан спортқа жақын болған ол Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде білім алды. Спортқа деген қызығушылығы оның өмір жолындағы маңызды бағыттардың біріне айналып, кейін әскери қызметтегі кәсіби қалыптасуына да айрықша ықпал етті.

Спорт – жеңіс пен жеңілісті таразылайтын алаң ғана емес, ол адамды тәртіпке, төзімге, сабырға және ең бастысы – өзін-өзі жеңуге үйрететін үлкен мектеп. Жаттығу залындағы әрбір күн, жарыс алаңындағы әрбір сәт спортшының мінезін шыңдап, жігерін жаниды. Өйткені нағыз спортшы үшін ең үлкен қарсылас – өзінің кешегі деңгейі. Айдос Кенжебекұлы да осы ұстанымды өміріне серік етіп, талмай-тынбай еңбектеніп, спорттық шеберлігін жылдар бойы шыңдады. 2006 жылы Атырау қаласында әскери борышын өтеп жүрген

кезінде қоян-қолтық ұрыспен айналыса бастады. Әскери орта мен спорттың қатар өрілуі оның дене дайындығын жетілдіріп, мінезін де шыңдап, бойындағы қайсарлық пен табандылықты одан әрі қалыптастырды.

– Жылдар бойы төгілген тер мен тынымсыз еңбектің нәтижесі ірі жеңістерге ұласты. 2010 жылы Ташкент қаласында өткен Азия чемпионатында II орын алып, күміс жүлдегер атандым. Бұл – спортшы үшін ғана емес, ел намысын қорғаған азамат үшін де зор жетістік еді. Арада бір жыл өткен соң, 2011 жылы Ташкентте өткен Әлем чемпионатында үздік үштікті түйіндеп, қола медальді қолға алдым. Азия және Әлем деңгейіндегі додаларда жүлдеге ілігу – үлкен дайындықты, табандылықты және рухтың мықтылығын талап ететін сын. Спорттағы жетістіктерім мұнымен шектелген жоқ. 2015 жылы самбодан ТМД елдері арасындағы жарыста қола жүлдені иелендім. Осылайша, спортта жылдар бойы жинаған тәжірибем мен жетістіктерім кәсіби шеберлігімнің берік негізіне айналды, – дейді Айдос Бөрібеков.

Бөрібеков бағындырған белес аз емес. Бүгінде сержант Айдос Кенжебекұлының қоржынында бірнеше маңызды спорттық атак бар. Ол – әскери самбодан спорт шебері, қоян-қолтық ұрыстан спорт шебері, дзюдодан спорт шеберіне үміткер.

мойымау секілді қасиеттерді сіңірді. Кейін бұл қасиеттердің барлығы әскери қызметте өз жалғасын тапты. Мен өз жолымда келе жатқанымға сенемін, – дейді ол.

Айдос Кенжебекұлының әскери қызмет жолы 2008 жылы департамент бөлімшесінде басталды. Әскери өмірдің алғашқы күндерінен-ақ ол тәртіп пен жауапкершілікті басты орынға қойды. Себебі әскери ортада тәртіп – жай ғана талап емес, қызметтің берік негізі. Әскери қызметші үшін әр күн – жауапкершілік, әр тапсырма – сенім. Ал Отан алдындағы ант – жүректе мәңгі сақталатын қасиетті серт. Айдос Кенжебекұлы 2023 жылға дейін бөлімшеде еңбек етіп, бүгінде «Кәрібайбұлақ» шекара бөлімшесінде өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып келеді.

Жылдар бойы жинақталған тәжірибе оны өз ісін жетік білетін кәсіби маман деңгейіне жеткізді. Ол бүгінде кейінгі буынға бағыт-бағдар беріп, жас сарбаздарға үлгі бола алатын тәжірибелі әскери қызметші ретінде де танылып келеді. Әскери қызмет сырт көзге бірсарынды көрінуі мүмкін. Алайда оның әр күні өзіндік сынақ пен жауапкершілікке толы. Бұл сана адамнан физикалық дайындықпен қатар психологиялық төзімділікті, қиын сәтте дұрыс шешім қабылдай білуді, ұжыммен бірлесе жұмыс істеуді және ең бастысы – Отан алдындағы антқа адал болуды талап етеді. Сержант Бөрібеков

«МӨЛДІР ӨЛЕҢ»: ТАЛАНТТАР ТОҒЫСҚАН ТӨР

Басы 1-бетте

Жобаның ерекшелігі – мұнда ақынның дайын шығармасын оқып шығуы ғана емес, оның ой ұшқырлығы, тақырыпты игеруі, сөз саптауы, көркемдік танымы сыналады. Әр кезеңде ақындар түрлі шығармашылық тапсырмаларға жауап беріп, өздерінің поэтикалық мүмкіндіктерін көрсетеді. Осы арқылы көрермен ақынның дайын дүниесін ғана емес, оның өлеңнің туу сәтіндегі шығармашылық болмысын да бағамдай алады.

«Өлеңге қызығатын адам азайды» деген пікірлер айтылып жүрген уақытта «Мөлдір өлеңнің» көрермен жинауы осы тұжырымды қайта ойлануға себеп. Өйткені жақсы дүние ұсынылса, оның өз аудиториясы бар. Тек сол аудиториямен тіл табысатын, поэзияны бүгінгі көрерменге ұғынықты әрі тартымды форматта жеткізетін алаң қажет.

Мөлдір Айтбай «Мөлдір өлеңнің» авторы ғана емес, негізгі демеушісі ретінде де жобаның жүгін өз мойнына алған. Ақындардың жол шығынына дейін көтеріп, сайыстан шығып қалған қатысушыларға да қаржылай сыйақы беріп келе жатқанын айтады. Бұл – поэзияға деген құр қызығушылықтан әлдеқайда терең сезімнің көрінісі. Өйткені жеке қаражаттымен әдеби жоба ұйымдастырып, оған елдің әр қиырынан ақын жинау – үлкен жауапкершілік. Мұндай бастаманың артында ең алдымен өлеңнің болашағына деген сенім тұрады.

Жобаның бас жүлдесі де қоммақты. Ақтық мәреге жеткен жеңімпаз командаға 3 миллион теңге акшалай сыйақы және «Мөлдір өлең» ауыспалы статуеткасы табысталады. Ұйымдастырушылардың жоспары бойынша, бағалы жүлде 100 грамм алтын мен 3 қарат бриллианттан жасалмақ. Статуетканың ауыспалы болуы жобаның жыл сайын жалғасып, жеңімпаздан жеңімпазға өтіп отыратын дәстүрлі додаға айналуына мүмкіндік береді.

Жобаның ел арасына тарай бастауы поэзияның табиғатына да жаңаша қарауға мүмкіндік беріп отыр. Бұрын өлең көбіне кітап бетінде, әдеби кештерде немесе мерзімді басылымдарда оқырманымен қауышса, енді ол әлеуметтік желі, тікелей эфир, бейнеформат

арқылы жаңа аудиторияға жетуде. Жоба көрерменге ашық форматта ұсынылып, оның кезеңдері онлайн көрсетіліп келеді.

«Мөлдір өлеңнің» алғашқы айналымынан кейінгі кезеңнің өзінде жоба төңірегінде қалыптасқан қызығушылық оның жай ғана бір реттік байқау болып қалмайтынын аңғартқандай. Ал екінші айналымның аяқталуға жақындауы додадағы бәсекені бұрынғыдан да қыздыра түсті. Енді ақындар үшін әрбір сөз, әрбір шумақ, әрбір шығармашылық шешім маңызды. Өйткені бұл жерде үш ақынның ғана емес, тұтас бір өңірдің үміті бар. Мұндай жобаның ең үлкен жеңісі бір ғана команданың жүлде алуы емес, жас ақындардың оқырманға таныстырылуы болмақ. «Мөлдір өлеңнің» ең үлкен олжасы да осында.

СЫРДАН ШЫҚҚАН ҮШ ДАРЫН «МӨЛДІР ӨЛЕҢ» МІНБЕРІНДЕ

Сыр бойын сөз өнерінің киелі мекені деп атау – қалыптасқан қалыпты теңеу ғана емес, тарихи һәм рухани шындық. Қорқыттан басталып, жыраулар дәстүрімен жалғасқан, Нартай мен Тұрмағамбеттей сандақтардың

жырынан нәр алған Сыр поэзиясы бүгін де өз биігінен аласарған жок. Керісінше, жаңа заманның тынысын сезініп, уақыттың тамырын тап бастауын жас қаламгерлер буынымен толығып келеді.

Сол буынның бүгінгі белді өкілдерінің қатарында Ақжол Түменбай, Айдар Сайлауов, Аружан Оралбай есімдері аталады. Үшеуінің поэзиядағы қолтаңбасы әртүрлі болғанымен, мұраттары бір – сөздің қадірін түсірмей, өлеңнің өрісін кеңейту. Биыл Сыр елінің атынан «Мөлдір өлең» ұлттық поэзиялық жобасына қатысып отырған үш ақынның шығармашылық жолына үнілгенде, Қызылорданың әдеби ортасының тынысын да аңғаруға болады.

Қазалының қоңыр топырағынан түлеген Ақжол Түменбай – кейінгі жылдары Сыр өңіріндегі жас ақындар шоғырының арасынан өзіндік үнімен дараланған қаламгер. Ол –

«Мөлдір өлең» атауының өзінде поэзияның табиғатына тән тазалық бар. Мөлдірлік – жасандылықтан ада болу. Өлеңнің де қадірі сонда. Ол ақынның жүрегінен шыққанда ғана оқырман жүрегіне жетеді. Сырдың жыр өлкесінен шыққан осы үш қаламгердің «Мөлдір өлеңдегі» сапары да сол өлеңнің қасиетін, оның әлі де талай жүрекке жол табатын қуатын таныта түсері анық. Бірі Қазалының қара өлеңін аркалап келсе, бірі Аралдың ақжал толқынынан қуат алып, енді бірі Шиелінің сырлы топырағынан нәр алып келеді. Үшеуінің дауысы бөлек болғанымен, айтпағы ортақ, туған жерді сүю, ізгілікті жырлау, уақыттың үнін есту және қазақ поэзиясына адал болу. Сондықтан «Мөлдір өлең» сахнасында Қызылорда облысының командасы – жай ғана үш ақынның бас қосуы емес. Бұл – Сырдың үш түрлі үні.



Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, республикалық жыр додаларының жүлдегері. Ақынның шығармашылық жолындағы алғашқы іздері туған жеріндегі әдеби ортадан бастау алған. Ол бүгінде Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде қызмет атқарады.

Айдынды өлке Аралда дүниеге келген Айдар Сайлауов – ақындық пен журналистиканы қатар алып келе жатқан шығармашылық иесі. Ол еңбек жолын республикалық «Ұстаз мәртебесі» газеті мен «Әлімсақ» журналынан бастап, жауапты хатшы қызметіне дейін көтерілген. Кейін «Сыр бойы» газетінде тілші, республикалық «Ақмешіт жастары» газетінде бас редактор қызметтерін атқарған. 2024 жылдан бері Арал аудандық «Толқын» газетінің бас редакторы.

Сырдың жас ақындар легіндегі өзіндік үні бар қаламгердің бірі – Аружан Оралбай. Шиелі ауданында дүниеге келген ақын Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін тәмамдап, кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде филология ғылымдарының магистрі дәрежесін алған. Бүгінде республикалық «Ақмешіт жастары» газетінде тілші қызметін атқарады.

«Мөлдір өлең» ұлттық поэзиялық жобасында Қызылорда облысының командасы алғашқы екі айналымды сәтті аяқтап, келесі кезеңге сенімді қадам басты. Алғашқы айналымда Алматы қаласында Солтүстік Қазақстан облысының ақындарымен сөз додасына түскен Сыр өңірінің өкілдері өздерінің поэзиялық қарымын танытып, қарсыласынан басым түсті. Бұл жеңіс командаға жобаның келесі кезеңіне жол ашып қана қоймай, ақындардың өзара шығармашылық байланысын нығайта түсті.

Екінші айналым Орал қаласында жалғасын тауып, Қызылорда командасы Батыс Қазақстан облысының ақындарымен бақ сынады. Өлең мен ой, шеберлік пен сахналық дайындық қатар сыналған кезеңде қызылордалықтар

тағы да жеңіске жетіп, қатарынан екінші мәрте қарсыласынан басым түсті.

Осылайша, Қызылорда командасы жобаның алғашқы екі айналымын жеңіспен қорытындылап отыр. Алайда ақындар үшін негізгі сын әлі алда. Жобаның ендігі кезеңдері – финал мен суперфиналға жол ашылды. Ерекше айта кететін жай, жоба жеңімпазы дауыс беру арқылы шешіледі. Әр кезең сайын бәсеке күшейіп, ақындардың шығармашылық мүмкіндігі мен командалық үйлесімі сынала түспек.

«Мөлдір өлең» атауының өзінде поэзияның табиғатына тән тазалық бар. Мөлдірлік – жасандылықтан ада болу. Өлеңнің де қадірі сонда. Ол ақынның жүрегінен шыққанда ғана оқырман жүрегіне жетеді. Сырдың жыр өлкесінен шыққан осы үш қаламгердің «Мөлдір өлеңдегі» сапары да сол өлеңнің қасиетін, оның әлі де талай жүрекке жол табатын қуатын таныта түсері анық. Бірі Қазалының қара өлеңін аркалап келсе, бірі Аралдың ақжал толқынынан қуат алып, енді бірі Шиелінің сырлы топырағынан нәр алып келеді. Үшеуінің дауысы бөлек болғанымен, айтпағы ортақ, туған жерді сүю, ізгілікті жырлау, уақыттың үнін есту және қазақ поэзиясына адал болу. Сондықтан «Мөлдір өлең» сахнасында Қызылорда облысының командасы – жай ғана үш ақынның бас қосуы емес. Бұл – Сырдың үш түрлі үні.

Қорытындылай келе, бүгін Алатаудың баурайынан басталған «Мөлдір өлең» ертең қазақтың әр түкпірінде жалғасып, жаңа есімдерді елге танытатын үлкен әдеби дәстүрге айналса, бұл тек жобаның ғана емес, тұтас қазақ поэзиясының жеңісі болмақ. Себебі әр қазақтың жүрегінде бір шумақ өлең өмір сүретіні ақиқат. Ал оны оятатын сөз ғана керек.

Тілек ҚАБЫЛ



Ақжол ТҮМЕНБАЙ

Тілдеме досым тіршілігіңді,
Күндеме мәнін ғұмырдың.
Сезеді Құдай құлшылығыңды,
Сезбесе неге жығылдың?

Жұттың ба жұпар тылсым деміңді,
Барсын ғой барсын тірісің.
Естиді Құдай күрсінгеніңді,
Айқайлай берме құрысын.

Шыр еткен шақтан шапағат берді,
Жөнің жок еді алаңдар.
Мөп-мөлдір таза махаббат берді,
Былғады оны адамдар.

Ар, намыс берді, арпалыс берді,
Талауда талай қалғанмын.
Жендіріп мұңға арқа күштерді,
Жағасын алдық жалғанның.

Жүзі мақтаса, мыңы тілдейді,
Тағдырдан кінә көрме сен.
Күдік сейілер, үміт өлмейді,
Өлімнен бұрын өлме сен.

Қара басымды қаңтарып кетті,
Махаббатыма сеніп ем.
Көп достар менен жалтарып кетті,
Жалғыздық қалды менімен.

Шуақ түспейді көңілге кектен,
Ит қана туған үруге.
Ақын жоқ сенің өмірде кеткен,
Хақың бар бірақ сүруге.

Жаныңмен сүйші жұмыр ғаламды,
Кім үшін бірақ кім үшін...?
Естиді Құдай сыбырлағанды,
Айқайлай берме құрысын...



Аружан ОРАЛБАЙ

Кісі болдым... боқтап кеттің біреуің.
Кішірейдім... аттап кеттің біреуің.
Қайран менің астаң-кестен көңілім,
Қайран менің қырық жамау жүрегім.

Табан асты тапталған соң биігі,
Бұл жүректің естілмей жүр жиі үні.
Жақын көрген адамыңның жат ойын
жанарынан оқып қою қиыны.

Күнге тенең көтеріп ап, күндейді ел,
Ал, сонан соң жыламай көр, күлмей көр.
Кеше біреу «жер – домалақ» деп кетті,
Өз басының доп екенін білмейді ол.

Сағым сынды, бір ой қозғап бір ойды,
Сартап мұңым сарқылмайтын сыңайлы.
Пенде біткен пәк болса егер,
Құранда «кешірімді» демес еді-ау Құдайды.

Жалқы-сыңар жанымды ерте-кеш ұғар,
Шамаң жетсе шапанымды шешіп ал.
Жұмақты айтып қызықтыра алмасам,
Тозақты айтып қорқытамын, несі бар?!

Тұрақ таппай не аспаннан, не жерден,
Татқан уым таңдайымда кезерген.
Өзегімді жарып шығып, түбінде
Өлмес өлең жазарымды сезем мен.



Айдар САЙЛАУОВ

Есеккырған, жанса да жарық алдан,
Қу паракқа сыйыпты алып арман.
Үшбу хаттың ішінде ішті өртейтін,
Ақ самайлы ананың зары қалған.

Ары қалған жесірдің, балаға мәз,
Шашын жайып айтатын далаға наз.
Ғашықтардың жүрегін тесіп өткен,
Сен жаудан да жауыз ең, қара қағаз!

Қаңғыған оқ қалпем жолды қармап,
Хатың келді халыққа сорлы, самғап.
Отқа оранған майданның отты сөзін,
Саған қалай сыйдырған соңғы солдат?!

«Тірі» десе, шығатын солай ізгі үн,
Жел үрледің үстінен талай іздің,
Сүлейменнің семсері қия алмаған,
Үміт жібін қу қағаз қалай үздің?!

Сен шығардың демендер қайдан мұны,
Сағым сынды құшағын жайғанда ұлы,
Хатты оқуға қорқатын әжелердің,
Әжімінде жазулы майдан мұны.

Қыршын кетіп, қырда да жас көмілді,
Кәрілендірген сол шығар аш көңілді,
Жеңіс жыры жұбата алар ма екен,
Жетімдердің жасындай ащы өмірді.

Өртемесе хаттарды жетер сырлы ой,
Қарасаныз, Құдай-ау бөтен сынды ой.
Қайран әжей жоғалтқан жалғызынды,
Сол паракқа жерлеген екенсің ғой.

Қайран әжей жоғалтқан жалғыз ұлды,
Сол паракқа жерлеген екенсің ғой...

Айдынбек ІСКЕНДІРОВ:

ТОМИРИС КИРДІҢ БАСЫН ҚУАННЫҢ БОЙЫНДА АЛҒАН



– Айдынбек Айтбайұлы, қасиетті Қармақшы деген тіркес құлағымызға сіңісті болып қалған. Қармақшыға қасиет беріп тұрған не нәрсе?

– Қай қазақ болмасын, Қармақшыны жай айтайды, қасиетті Қармақшы деп атайды. Мұның түп-төркінінде үлкен мән жатыр. Осы ретте айта кетейік, қазақта төрт құбылаң тең болсын, төртеу түгел болса, төбедегі келеді деген сөз бар. Қорқыт бабаның жамбасы жерге тиген қасиетті мекеннің онтүстігі мен солтүсігінде, шығысы мен батысында Қорқыт баба, Сейтмембет әулие, Жәрімбет әулие мен Қармақшы ата бар. Үш жүздің пірі атанған Марал ишан, оның баласы Қалқай ишан да осы Қармақшыдан жай тапқан. Марал ишан қорымының өзінде 20-дан астам ишандар мен әулиелер жерленген. Олардың өзінің де тарихы сан тарау. Бұқара көрген, Қоканда оқып келген белгілі тұлғалар мұнда. Ахундар мен ақындар, жыраулар мен батырлары көптеп танылған мекен. Қарт Қаратау мен айдынды Аралдың арасында ғұмыры көпке үлгі талай тұлғалар өмір сүрген ғой.

Сақ, қанды дәуірінен бастап тіршілік тіні жақсы дамыған. Ұлы Жібек жолының бойында қаншама асарлар орналасқан. Ұзын саны 50-ден астам. Шірік рабат қалашығының өзі талай тарихтан сыр тартады. Сақ ханзадасының сауыты, Түгіскен көсемінің сауыты орталық мұражайда көрсетіліп жүр. Мұның барлығы ауданның тарихымен астасып жатады. Мұндай тарихы бай қастерлі мекенді қасиетті деп қалай атаймысың?!

– Сіз айтып отырған нысандардың біршамасын «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тізімінен көрдік. Мұнан бөлек те кісі қызығарлық жәдігерлеріміз жетерлік...

– Иә, елдің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған іс-шара еді бұл. Қазақстан бойынша 100 киелі орынның тізімі қалыптасты. Сақтардың астанасы болған Шірік-Рабат, Баланды II кесенесі, Бәбіш мола қалашығы да осы тізімде.

Бұл – ішкі туризмді дамытуға зор мүмкіндік. Қармақшы ауданында екі бренд болса, оның бірі – Қорқыт ата кешені, екіншісі – Байқоңыр ғарыш айлағы. Сондықтан, киелі жерлер қай қоғамда да өз орнын табады, қай қоғамда да құнын жоғалтпайды. Жылына кем дегенде 2 мыңнан астам, 3 мыңға жуық адам осы біз айтып отырған кешендерге туристік сапармен келеді. Бұл – елдің әлеуетін көтеретін бастама.

– Қармақшыдағы ескерткіштердің көнелігі қалай? Қай дәуірден басталады?

– Асарларымызды, Шірік-Рабат қаласын ертеден басталған деп айта аламыз. Сол ескерткіштер арқылы өңірде сол кездің өзінде өркениет болғанын байқаймыз. Сол кездегі халықтың мәдениеті, шаруашылығы осы жәдігерлер арқылы белгілі болады. Асарларды мысалға алсақ, сол халықтың егіншілікпен айналысып, жүздеген гектар жерді игергенін білуге болады. Күрші пен бидай еккенін байқайды. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде құмырада сақталған арпа табылған. Оның бұзылмай осы күнге дейін жеткенінің өзінде озық технология жатыр. Сондай-ақ, салынған үйлердің, моншалардың ерекше шеберлікпен салынған. Кей деректерде жерасты жолдарының қалыптасқанының өзі өркениет емес пе?! Тұтқиылдан жау шапқанда қосымша қорғаныстың бір түрі – бұл.

Кей ескерткіштердің жағдайы қанағаттанарлық, кейбірінікі – жақсы. Жағдайы төмендеулеріне қарап, көп ойланамын. Мемлекет ең әуелі әлеуметтік нысандарға қарайды, халықтың жағдайын көтеруге жұмыс істейді. Ал мұндай ескерткіштер мен кесенелерге сол кісілердің ұрпақтары көз қырын салып, ұрпақтың бабалар алдындағы парызын орындаса екен деймін. Қармақшы атаны найман руынан шыққан тұлға ретінде айтамыз. Елге қызмет еткен тұлға. Сол кісілердің ұрпақтары баба рухына осылай тағзым жасаса құптарлық іс болар еді...

– Жерасты жолдары туралы көп жерден мәлімет кездестіреміз. Ол ғылыми тұрғыда дәлелденген бе?

– Жоқ, ғылыми тұрғыда дәлелденбеген. Бірақ, тұрғындармен сұхбаттасу барысында, қариялардың айтқан ауыз-екі әңгімелерінің арасында жерасты жолдары туралы көп кезігеді. Тіпті дариядан жармаға түскен су ары қарай



қайда кетіп жатқаны белгісіз. Бақша егіп жүргендер бұған сан мәрте куә болған.

Жаңадария мен Қуандария арналарының арасы кезінде ну орман болған. Ұшқан құс, жүргірген аң көп болған. Сол аралықта жерасты жолы болған деген де аңыз-әңгімелер бар. Тіпті, атақты патшайым Томирис парсы патшасы Кирдің басын осы Қуанның бойында алды деген де ауызекі әңгімелер бар. Шындыққа жанасуы да әбден мүмкін.

– Кирдің басы осында алынса, бұл үлкен тарихи дүмпу болары анық. Осы тарихи ескерткіштерді аралап жүріп, кез болған ең қызықты деректеріңіз бар ма?

– Өрине, танданыс танытқан сәттерім көп. Біздің бабалар салған нысандардың сапасының өте жоғарылығына тәнті болдым. Қармақшы тоғыз жолдың торабында орналасқан. Кесенелерді салуға пайдаланған кірпіштерге биенің сүті мен қылы қосылған деген деректер бар. Бірнеше ғасыр бойы сыр бермей, әлі күнге сақталып тұрған осындай нысандарға таң қалдым. Құрылыс материалдарының өзін өте жоғары шеберлікпен жасап жатқан бабалардың тағы бір ерекше ісі сол кездің өзінде кәріз жүйесіне қосылған. Оны саз балшықтан иінін қандырып отырып, жасаған екен. Тамаша емес пе?

– Қорқыт ата ескерткіш-кешенінен онтүстікке, сегіз жүз елу метрдей жерде Ақсақ қызға арналып кішігірім ескерткіш қойылған. Осы ескерткіш туралы айтып өтсеңіз...

– «Қорқыт ата» ескерткіш кешенінің авторы, сәулетші Бек Ыбыраевтың журналистерге берген бір сұхбатында: «...Аңыз бойынша, Қорқыт қайтыс болғаннан кейін Ақсақ қыз судың ортасында қалған Қорқыттың қобызын әкеліп, дарияның жағасына қояды. Жел соққанда қобыздың ішектері азалы үн шығарып тұрады. Содан Қорқыт атаның басына белгі тұрғызу туралы идея пайда болды...» дейді. Ал, Ақсақ

қыз кесенесінің салыну тарихына келер болсақ, бұл кісі тағы былай дейді: «...біздің айналамызда жүргендердің туыстары арасынан 11 адам о дүниелік болды. Өзім өлімнен қалдым. Содан мектепте оқитын кішкентай бақсы қызға бардық. Болған жағдайдың бәрін баяндап, себебін айтып беруін сұрадым. Сонда әлгі қыз баланың айтқаны: «Бір әжені көріп тұрмын, аяғы ақсақ, сол кісі назалы, ажалдың себепшісі сол». Есіме Қорқыт жайлы аңыздағы Ақсақ қыздың сап ете қалғаны. «Ақсақ қыз ба?» десем, «Атын қайдан білесіз?» дейді кішкентай бақсы қыз.

Ақсақ қыздың бірнеше жыл бұрын тұрған мұнарасын солдаттардың қиратып тастағанын естігенмін. Дереву пойызға отырып, Жосалыға келдім. Қармақшы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары



Ө.Мұхамбетдиевке кіріп, жағдайды түсіндіріп: «Ақсақ қыздың мұнарасын қайта тұрғызбасақ, бәріміз де ана жаққа кетеміз» дедім. Кіріпші, цемент тауып берді. Мұнарасын қалап біткеннен кейін Ақсақ қыздың әруағынан тізерлеп

баласы мен зайыбы Сырдың жағасында өмірлерін өткеріп, Қорқыттың тілеуін тілеумен болады. Содан бала есейе бастағанда анасының бағып-қағып алдандырғанына місе тұтпай, қобыз тартып отырған әкесіне талпынуды шығарады. Ұыздай білегін созып, бұлқына ұмтылып, неше түрлі қызық көрсете бастайды. Бұған Қорқыттың да жүрегі елжіреп, бауыры аяғының басына түскендей күй кешеді. Бірақ, амал жоқ, қобызын тоқтатып, жағалауға шықса, ажал тұзағына ілігетінін біледі. Сонда Қорқыт баласына телміре қарап, көзі көріп тұрса да, емірене иіскей алмай, бауырына қысып мауқын баса алмай мұңайды. Мұңая отырып баласын алдандыра жұбататын «Әупбай-әупбай» күйін тартады. Осы көріністің куәсіндей болып ұрпақ есінде «Әупбай» күйі сақталған.

– Ақсақ қыз кесенесінің қазіргі күйі қандай?

– Қазіргі таңда Ақсақ қыз кесенесі мемлекет қорғауына алынып, алдын ала тарихи және мәдени мұра объектілерінің тізіміне енгізілген. Ескерткіштің



географиялық координаттары 45°35'47,9°E 66°35'55'46,3°E. Құлаған төрт қабырғасы төрт құбылаға қараған. 7х7 м. көлемді. Ескерткіштің орны бастапқы бейнесінде 1,5 м төбе түрінде сақталған. Қыш кірпіштен қаланғанға ұқсайды. Өлшемдері: 23х23х3 см, 25х25х7 см. 1998 жылы археолог Т.Мәмиев жан-жағын топырақтан аршып, зерттеген. Ол қабір үсті құрылыстың күмбезді түріне жатқызылады.

Қазақ халқының ғасырдан ғасырға ұштасқан тарихи мұрасын сақтау, өткені мен бүгінін жақындастырып байланыстыратын құнды жәдігерлерді қорғау және жас ұрпақтың өздерінің тарихын жете білуіне ұйытқы болу-бүгінгі біздің басты міндетіміз бола бермек.

– Ескерткіштер – ел тарихы.

Қай-қайсысына болса да ғайыптан тайып тіл біте қалса, талай сырды ақтарытыны анық қой. Бабалар өткен сан тарау жолдан хабар беріп тұрған осы тарихты біз қалай қорғап жүрміз?

– Тарихи-мәдени мұра халық тарихының аса маңызды айғағы, адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты түрде қорғап отыруды талап етеді. Осы бағыттағы халықаралық актілердің арасынан 1954 жылы «Қарулы қақтығыс кезінде мәдени мұраларды қорғау туралы», 1972 жылы ЮНЕСКО-ның «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы», 1979 жылы «Мәдени мұраларды заңсыз тасымалдау және оларға деген меншік құқығын беруге тыйым салу шаралары туралы», 1988 жылы Кеңес Одағының «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы» қабылданған Конвенцияларды атауға болады.

Одан кейінгі тәуелсіздік жылдарынан бастап, қоғам мен мемлекеттің тарихимәдени мұраға деген көзқарасы өзгеріп, еліміздің өз заңнамасы қалыптасты, ЮНЕСКО, ICOMOS тәрізді

халықаралық ұйымдармен ескерткіштерді қорғау саласында ынтымақтастық белсенді дамыды. Қазақстан Республикасында мұны қамтамасыз ету барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдардың адамгершілік борышы және Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңымен белгіленетін міндеті болып табылады. Заңнамада археология, ансамбль, киелі объектілер, қала құрылысы мен сәулет ескерткіштерімен қатар, ғимараттар мен құрылыстардың қасбетіне орналастырылатын, аса көрнекті тұлғалар және айрықша оқиғалар туралы ақпаратты қамтитын мемориалдық тақталар, сондайақ, аса көрнекті тұлғаларды, маңызды тарихи оқиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін орнатылатын монументті өнер туындыларына (ескерткіштер, стелалар, бюсттер) да ұғым беріліп, заңнамадан туындайтын нормативтік актілермен қағидалары бекітілген.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган – тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган Мәдениет және спорт министрлігі болып табылады.

Жергілікті тұрғындар арасындағы көп кездесетін сұрақ болғандықтан монументті өнердің жаңа құрылыстары уәкілетті органның шешімі негізінде жүзеге асырылатынын атап өткім келеді.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының 11-бабына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі №103 бұйрығына сәйкес, ұсыныстар уәкілетті органның монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссиясымен қаралады. Аса көрнекті тұлғаларды, маңызды тарихи оқиғаларды монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату арқылы мәңгі есте қалдыру аса көрнекті тұлғаның қайтыс болған немесе тарихи оқиғаның болған күнінен бастап кемінде бес жыл өткен соң жүзеге асырылады. Одан әрі монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату тәртібіне сәйкес тиісті жұмыстар жүзеге асырылады. Археологиялық зерттеулерді заңсыз жүргізу жағдайларына келер болсақ, қазіргі таңда далалық жерлерде белгісіз кен іздеушілер немесе «қара археологтар» металл іздегіш радарлармен археологиялық ескерткіштерді қазып, талқандап кету жағдайлары көп кездеседі. Олардың әрекеті ескерткіштің мәдени қабатын жойып, сақталған құрылысын анықтауға нұқсан келтіреді, құнды жәдігерлердің қайтарымызсыз жоғалуына әкеліп соғады.

Сондай-ақ, осы аталған заңдылықта уәкілетті органмен археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының жоспары жасақталып бекітіледі. Жоспардан тыс археологиялық қазба жұмыстары заңсыз болып табылады. Осы орайда, арнайы тексеру рейдтерін жүргізіп, кез келген күдікті деп танылған әрбір әрекет бақылауға алыну керек. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 295-бабына сәйкес, археологиялық жұмыстарды заңсыз жүргізу бойынша тарихи-мәдени мұра объектісінде археологиялық жұмыстарды заңсыз жүргізу – іздестірудің арнайы техникалық құралдарын (металл іздегіштер, радарлар, магниттік аспаптар, топырақ қабатында археологиялық заттардың болуын айқындауға мүмкіндік беретін басқа да техникалық құралдар) немесе жер қазатын машиналарды пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

– Ерекше сұқбатыңыз үшін алғыс білдіреміз.

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН

Гүлсая ЕРЖАН:

СПОРТТА ЕҢБЕК ПЕН ТӘРТІП ДАРЫННАН БІРІНШІ ТҰРАДЫ



– Боксқа келуіңізге не түрткі болды?

– Бұл спортқа 2016 жылдың 15 қыркүйегінде келдім. Ойын баласы кезде-ақ көкірегімде бұр жарған, қиялымды алысқа жетелеген аяулы арманым еді. Теледидардан шаршы аланның санлақтары Назым Қызыбайдың қайсарлығын, Геннадий Головкиннің темірдей әрі мығым мінезін, Майк Тайсонның жойқын қуатын көрген сайын, кеудемде мақтанш сезімі тулайтын. Сол балаң еліктеу уақыт өте келе мені бағытымнан тайдырмас мақсатқа айналды.

– Рингке алғаш қадам басқанда көкірегіңізді қандай сезім кернеді? Сол алғашқы жекпе-жегіңіз есіңізде ме?

– Алғашқы шаршы алаңға шыққан сәтім жадымда өшпестей жазылып қалды. 2016 жылдың 30 қазанында Сыр өңірінде Жалаңтөс Баһадүрдің атында турнир өтті. 81 келі салмақта Атыраудың арын қорғаған қарсыласыммен бетпе-бет келдім. Жүрегім атша тулап, бойымды белгісіз бір толқыныс пен үрей билегені жасырын емес. Дегенмен сол бір қобыздың қыл ішегіңдей созылған сәтте мен бала күннен көкейде тербеткен арманым

қарай алғашқы шешуші қадамды жасағанымды ұқтым. Бүгінде ринг төріне шыққан сайын бойымды ерекше толқыныс кернеп, биік асуларға тағы бір табан жакындай түскенімді сеземін.

– «Бокс – ерлерге ғана тән майдан» деген қоғамдағы түсініктерге қалай жауап бересіз? Отбасыңыз бұл таңдауыңызды қалай қабылдады?

– Шаңырағымда бұл таңдауыма ешкім тосқауыл болған емес. Керісінше, шаршы алаңда өнер көрсетіп, ел абыройын асқақатқаным – асыл атамның ең асқақ арманы еді. Осы бір батыл да қиын жолды таңдаған сәтте анам да шексіз қолдау білдіріп, жүрек жылуымен демеп, дем берді. Ал «бокс – нәзік жандыларға тән емес» деген кертартпа көзқарастарға келсек, нағыз спортшы үшін өнердің де, намыстың да жынысы болмайды. Қазіргі таңда мұндай ескі сұрлеудегі пікірлермен дауласып, біреуге оның мәнін ұқтырудың өзі артық. Менің жауабым – төгілген тер мен бағындырған биіктер болмақ.

– Шаршы алаңдағы шаршыларда төзімділігіңіз бен мінезіңізді сынайтын ең ауыр жекпе-жек қайсысы болды?

– Әрбір жекпе-жек – адамның ішкі менін сынайтын майдан. Десе де, 2024 жылдың қарашасында Таиландта өткен Азия чемпионатының жартылай финалы ерекше есімде қалды. Өзбекстандық қарсыласыммен өткен кездесу өте тартысты әрі психологиялық тұрғыдан өте ауыр өтті. Кездесу ортасында төрешілер басымдықты қарсыласыма беріп жатқаны байқалды. Майдандағы



бұл қиын сәтте бапкерлерім тактиканы шұғыл өзгертіп, сөзбен рух берді. «Жеңісті суырып ал» деген сөздер кейін намысымды қайрады. Әрі қарай жігерді ту еттім. Соның нәтижесінде келесі кезеңге өттім.

– Спорттың ауыр ырғағынан тыс уақытта жаныңызға не қуат береді? Бос уақытыңыздың көркі неде?

– Спорттан тыс уақыт – бұл менің жан дүниемді байытатын сәт. Гитараның үніне қосылып ән салғанды, кітаптың әр парағына үңіліп ой кешкенді, табиғат құшағында серуендеп, бассейнде жүзгенді ұнатамын. Сонымен бірге, сырлас құрбыммен киноға барып, бос уақытта үстел теннисі мен футбол ойнап, ас үйде жакындарыма дәмді тағамдар

әзірлеу – маған ерекше рухани демалыс сыйлайды.

– Өмірде де, өнерде де темірқазық етіп ұстанатын тұлғаларыңыз кімдер?

– Мен үшін спорттық шыңның биік парасаты – Геннадий Головкин мен ұлттық құраманың ту ұстаушысы Алуа Балқыбекова. Олардың рингтегі сабырлы да жойқын шеберлігі, еңбекқорлығы мен қайсар мінезі маған әрдайым бағыт-бағдар береді.

– Боксшының бойынан табылу керек қасиеттер қандай?

– Боксшы болу үшін, ең алдымен, шарболаттай шыңдалған темірдей дисциплина, нақты мақсат пен жоспар,

сабыр, шыдамдылық және көкіректі жарып шығар асыл намыс пен сөнбес қайрат керек. Спортта дарыннан бұрын еңбек пен тәртіп бірінші орынға шығады.

– Болашақтың еншісіне байлаған ең асқақ арманыңыз бен мақсатыңыз қандай?

– Әрбір шаршы алаңға шыққан спортшының көкейінде – Әлем мен Олимпиада шыңын бағындыру арманы тұрады. Менің де ең басты мұратым – байрағымызды көкке көтеріп, Әлем және Олимпиада чемпионы атану, елімің абыройын асқақтату.

– Бокс сізге не үйретті? Ол сізге қалай әсер етті?

– Бокс маған сабырлылық пен салмақтылықты, кез келген ортада өзіңді лайықты ұстай білуді үйретті. Бойымдағы жасықтықты жойып, орнына қайсарлық пен тазалықты, уақыттың әр секундын бағалай білетін қатал тәртіпті дарытты.

– Осы бір сапарда түйген өмірлік сабағыңыз қандай?

– Шаршы алаңға шығар алдындағы қобалжу мен толқыныс – кез келген спортшының серігі. Сондай жауапты сәтте спортшы үшін ең маңыздысы – психологиялық тыныштық пен толыққанды ұйқы екен. Алғашқы жылдары толқынысқа бой алдырып, дұрыс демалмаудың кесірінен жекпе-жектердің өте ауыр өткені есімде. Сол сәтсіздіктер маған спортта ғана емес, өмірде де өзіңді күте білудің, физикалық және рухани теңдікті сақтаудың қаншалықты маңызды екенін ұқтырған ең үлкен сабақ болды.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

ЕШҚАНДАЙ ҚИЫНДЫҚҚА МОЙЫМА

Қазақта «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» деген ұғым бар. Ол бүгінгі қазақ спортының тынысын дөп басып тұрғандай. Бағы мен бабы қатар шапқан дүбірлі додаларда еліміздің намысын қорғап, көк байрағымызды көкке көтеріп жүрген спортшыларымыз қуанышты сәттерді жиі сыйлауда. Табандылық пен төзімділікті, биік рух пен шеберлікті талап ететін таеквондо спорт түрінен де қуанышты хабарлар көбейді. Солардың бірі – таеквондодан Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанып, ел мерейін үстем еткен Ислам Медетбай.

Даянг төрінде шыңдалған шеберлігін көрсетіп, әлемнің ең мықты спортшыларымен нық тірестіру – үлкен ерлік. Исламның бұл жеңісі жеке спортшының емес, оның артында тұрған бапкерлері, мектебі, жанкүйерлер сенімі мен бүкіл елдің ортақ қуанышы. Оның әрбір дәл соққысы мен епті қозғалысы жас буынға жігер беріп, спортқа деген сүйіспеншілікті арттыра түсері анық.

Біз үшін бұл – ел мерейі, ал Ислам үшін адам рухының ішкі арпалысы мен төзімділігі сыналатын үлкен майдан. Таеквондо шебері Исламның спортқа қадам басуы да өз алдына бір қызықты хикая. Оның жүрегінде спортқа деген алғашқы ұшқынды лаулатқан – Сухан Нұрлыбек ағайдың бағындырған биік белестері еді. Сол бір балаң шақтағы қызғушылық уақыт өте келе үлкен мақсатқа ұласып, Исламды алғашқы қалалық доданың төріне алып келді.

Екі жекпе-жекте де үстем түсіп, бірінші орын иеленген Ислам алғашқы жеңістің дәмін татты. Алғашында біраз сын пікір түсті. Бірақ бұл біздің спортшының рухын шыңдамаса, сындыра алмады.

Спорт мектеп-интернаты Ислам үшін нағыз шыңдалу мектебіне айналды. Ол үшін жаттығу залына асығудың басты мәні – уақытты тиімді пайдаланып, үлкен ареналардан көргісі келген мақсатында жатыр. Әрине, бұл жолда бағыт-бағдар беріп, жігерлендірген бапкерлердің орны ерекше.

– Басты мотиваторым – Мырза Нұрланұлы ағай. Үлкен жарыстарда сенім артып, бойымдағы қобалжуды басып, жігерлендірген Азамат Аралбаев және Мырза Нұрланұлы ағайларыма шексіз алғыс айтамын. Спорт мектеп-интернатында жаттығу үлкен тәлім-тәрбие алдым, – деді жас спортшы.

Исламның жолында біраз кедергілер де болды. Кезең-кезеңімен мотивация таусылатын сәттерді де шеттен шығарып тастай алмаймыз. Мұндайда спортшыны алға сүйрейтін – тәртіп пен мақсат. Нағыз чемпион – мотивациясы жоқ кезде де жаттығуын тоқтатпайтын адам. Ал сабыр мен төзім – жеңілістен кейін қайта тұра білу. Бұл жағдай біздің чемпионның да басынан өтті.

– Түркиядағы жарыста жеңіліске ұшырауым маған үлкен сабақ болды. Сүрінсем де тоқтап қалмай, дайындықты күшейттім. Бұл жеңіліс менің қайта ширап, жаңа жетістіктерге жетуіме себепкер болды. Спортшының бойында қайтпас қайсар мінез болуы керек, мен де осы қайсарлығымның арқасында жеңіске жеттім, – деді ол.



АЗИЯНЫҢ ТАРТЫСТЫ ДОДАСЫ

Исламмен тілдесе отырып, Азия чемпионаты туралы сұрамау мүмкін емес. Бұл жайт – оның спортшы ретінде жарық жұлдыздай жануына әсер еткен оқиға. Экран алдындағы көрермен ретінде біз тек тартысты доданы көрдік, ал оның артындағы жүрек жұтқан сезімді тек Исламның өзі ғана сезіне алды.

Оның айтуынша, Әлем чемпионатының әсері де, сезімі де мүлдем бөлек. Үлкен аренаға әлемнің түпкір-түпкірінен ең мықты спортшылар жиналады. Олардың өзіндік техникасы мен тактикасы бар. Басында, әрине, қобалжу болды. Бірақ ол бойын билеген үрейді жеңіп, «Мен бұл жерге жеңілу үшін не жасқану үшін келген жоқпын», – деп өзін қайраған.

Дода барысында Ислам 5 жекпе-жекке шыққан. Оның әрқайсысының өзіндік ұмытылмас тұсы бар.

– Алғашқы жекпе-жегімде Таиланд елінің спортшысымен кездестім. Оны жеңу қиындыққа түспеді. Бірақ сол сәтте мен алдыма қойған мақсатыма бір қадам жасағанымды сездім. Екінші жекпе-жегімде Италиядан келген спортшымен бақ сынастым. Онымен дода тартысты өтті. Қарсылас ретінде өте мықты болды. Тартыс үш кезеңге созылды. Алайда бұл қиындықты да еңсере алдым. Соңғы секундтарда жеңісті жұлып алып кеттім, – деді Ислам.

Үшінші жекпе-жекте жас таеквондист Швециялық спортшыны жеңді. Ал кейін Мексика елінің спортшысымен кездесті. Оның айтуынша, бұл дода қиын болды. Бір жағынан алдыңғы кезеңдер де спортшының біраз күшін еңсерді. Таеквондистте «Осы раундта жеңіліске ұшырасам, бар еңбегім зая кетеді» деген ой болған. Бірақ қайсар мінез жеңілісті қаламады. Міне, осылай ол төртінші жекпе-жекті де бағындырды. Келесі кездесу Иран елінің спортшысымен еді. Ислам жеңіліске ұшырады. Бірақ бұл тартыс оны тоқтамай, бұдан биік белестерді бағындыруға, алға қойған мақсаттарына жетуіне ынта берді.

Оның шеберлігіне өз үлесін қосқан бапкері – Азамат Аралбай да жас спортшының болашағы туралы жақсы болжам айтуда.

– Спортшы мен бапкердің басты арманы – Олимп шыңын бағындыру. Ал біздің ортақ мақсатымыз – Исламның сол биік тұғырдан көрінуі. Бұған жету арман емес, алдағы уақытқа қойылған мұрат. Ислам – алдына айқын мақсат қоя білетін, төзімді де қайсар, нағыз еңбекқор спортшы. Ол жыл өткен сайын шеберлігін шыңдап, үлкен биіктерден көрініп келеді. Бұған дәлел – жақында Ташкент қаласында таеквондодан жастар арасында өткен Әлем чемпионаты. Ислам 55 килограмм салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, қола медальды еншіледі және ел үмітін ақтап, Қазақстанның байрағын желбіретті, – деді бапкері.

Оның айтуынша, бұл – үлкен жеңістің басы ғана. Олар Исламның әлеуетіне, қайсар мінезіне және жарқын болашағына кәміл сенемді. Әңгіме барысында «Алда оны бұдан да биік асулар мен Олимпиада шыңы күтіп тұр» деген пікір айтылды.

Адам баласы тағдырдың сан түрлі сынағынан өтіп барып қана шынайы биікке көтеріледі. Ал спорт – сол сынақтардың ең айқын да аламан майданы. Ташкенттегі әлемдік долада байрағымызды биікке көтерген Ислам Медетбайдың бұл жеңісі – тек қола медальдың салмағымен өлшенбейтін үлкен рухани салмаққа ие. Ол төгілген әрбір тамшы тердің, бапкерлердің төзімі мен елдің артқан сенімінің нәтижесі.



Газеттің арғы бетінде Исламдай болашақ чемпион отырғанына кәміл сенімдіміз. Сол себепті сіздей оқырман үшін жас спортшының кішкентай өзіне айтар ақылын сұрадық. Оның жауабы – «Ешқандай қиындыққа мойымай, болашақта алға қойған мақсаттарыңа толық қол жеткізе біл».

Доладағы әрбір дәл соққы арқылы Ислам артынан ерген қаншама қарақөз өреннің бойында арман отын жарты. Өйткені жеңіске деген қайсар мінез бен толастамайтын еңбек бәрін де бағындыратынын ол өз үлгісімен дәлелдеді.

Алда Исламды бұдан да заңғар асулар күтіп тұр. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар атанған, көпшілік аса алмас асуларды бағындырып, көк туымызды әлемдік ареналарда көкке көтере береріне кәміл сенеміз, чемпион!

Бетті дайындаған Мереј ШӨКРАТ

МЕН ДАЙЫНДАҒАН ӘР ӨНІМ ЕРЕКШЕ



Жас кәсіпкер тұрмыс құрғаннан кейін де көрген тәттілерін зерттеп, дәмін бағалап, қалай жасалғанын өзідігінен үйрене бастады. Ал алғашқы пісірген тәттінің тарихы отбасы үшін ерекше естелік болып қалды. Үлкен ұлының туған күні күз мезгілімен тұспа-тұс еді. Жаздың ыстығы қайта қоймаған қыркүйекте қаладағы тортты ауылға жеткізу оңай емес болатын. Оның үстіне ауылда тортқа тапсырыс беретін арнайы кондитерлік дүкен де болмады. Осы кезде Ақтолқын тәуекелге бел буып, баласына қазіргідей әсем әрі тіл үйірер балған тортты өзі жасап берді. Бірақ сол бір торт кәсіптің алғашқы қадамы болатынын ешкім де білген жоқ. Бастапқыда өнімдерін тек жақындары мен таныстарының дастарханна әзірлеген ол көп ұзамай тәтті тоқашқа тапсырыс қабылдай бастады. Халық бір-бірінен естіп, тортқа сұраныс көбейе берді. Осылайша үйдің шағын асханасында басталған жұмыс біртіндеп кәсіпке айналды. «Ауылда жүріп, өзіміздің отбасылық қуаныштарымызға, туған-туыс отырыстарына арнайы торт жасап жүрдім. Қазір осы кәсіпті қалай бастап кеткеніме өзім де таңғаламын. Тынбай еңбектенудің нәтижесінде халықтың алғысын алып келеміз. Тіпті кәсіпті бастауға үлкен қаражат та қажет болмады», – дейді Ақтолқын Жинүлдікова.

Алайда кәсіптің өркендеуіне отбасының қолдауы үлкен себеп болды. Бүгінде «Ақтолқын тәттілері» атауымен халыққа қызмет көрсетіп отырған Ақтолқын ең алдымен жолдасының, отбасы мен абысының қолдауы көп екенін атап өтті. Әсіресе алыс елді мекендерге тапсырыс жеткізу қажет болған жағдайда жолдасы бұл істі ұйымдастырып, жан-жақты көмектеседі екен.

Ақтолқын ауылда кәсіп бастаудың өзіндік артықшылығы бар деп есептейді, себебі мұнда бәсекелестік қаладағыдай жоғары емес. Қазір Қаратерен тұрғындарынан бөлек, көрші аймақтардан да тапсырыс қабылданады. Бірақ бұл ауылдық жерде жұмыс істеудің қиындығы жоқ деген сөз емес. Әсіресе тортты безендіруге қажетті кейбір өнімдер мен балғын жеміс-жидектерді дер кезінде табу оңайға соқпайды.

«Кейде аяқ астынан әдемі декордағы тортқа тапсырыс түскенде, балғын күйдегі жеміс-жидек табу қиын болады.

Сондайда «қалаға жақын жерде орналасқанымызда ғой, бұдан да әдемірек жасар едім» деп ойлаймын. Соған қарамастан мен дайындайтын әр өнім ерекше деп айта аламын», – дейді кәсіпкер.

Ақтолқын әр тапсырысқа өзіндік бояу беруге тырысады. Қазір интернеттің дамуы тұтынушы талғамын да өзгертті. Адамдар әлеуметтік желіден ұнаған торттың суретін алдын ала жіберіп, дәл сондай немесе соған ұқсас өнімге тапсырыс бере алады. Ал Ақтолқын үшін әрбір торт – жана ізденіс.

Кондитерлік сала сырт көзге әдемі көрінгенімен, оның артында үлкен еңбек жатқанын кәсіпкер жақсы біледі.

– Кондитерлік – машақаты мол сала. Бір күнде бірнеше үйдің дастарханын әзірлеуге болатын шығар, ал күрделі безендірілген екі-үш тортты бір күнде жасап шығару оңай емес. Ауыл халқының саны көп болмағандықтан, үлкен цех немесе арнайы кондитерлік үй ашу әзірге тиімсіз. Оның үстіне мұндай кәсіптің шығыны да аз емес. Сондықтан үйімнің шағын асханасынан басталған кәсібімді «Ақтолқын тәттілері» дүкеніне дейін жеткізе алғанымға қуанамын, – дейді кондитер.

Қазір дүкеннің жанынан шағын кафе де жұмыс істейді. Онда 10-15 қыз-келіншек тәттімен шай ішіп, әңгімелесіп, уақытын жайлы өткізе алады. Осылайша Толқын тек тәтті өнім ұсынып қана қоймай, ауыл тұрғындары үшін бас қосып, демалатын шағын орта қалыптастыруға да үлес қосып отыр.

Толқын үшін кәсіп – тек табыс көзі емес, адамның өз мүмкіндігін сынайтын еңбек мектебі. Ол әр қиындықтың артында жаңа мүмкіндік бар деп есептейді.

«Сен құлаған сәтте, сенің орнына еңбек ететін адам қашанда табылады. Сондықтан әр кездескен сынақта құламауды ойлау керек. Кәсіп бастағысы келетін жандарға айтарым, қолға алған істі соңына дейін жеткізу үшін қайратты болу керек. Қандай қиыншылық болса да, жарты жолдан тастап кетуге болмайды», – дейді А. Сақтапбергенқызы.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Жаздың жаймашуақ күндері табиғат аясында демалып, көшкі салқынмен таза ауада серуендеу кімге де болса ұнайды. Алайда жылы мезгілдің қызығын кейде кішкентай ғана жәндік – маса бұзады. Құлақтың түбінен ызыңдап, мазаны алатын, шаққан жерін қышытып, қызартатын масаны көпшілік жағымсыз жәндік ретінде ғана қабылдайды. Дегенмен бұл жәндіктің тіршілігі, табиғаттағы орны және адам денсаулығына әсері туралы білу маңызды.



МАСАСЫЗ ЖАЗ МҮМКІН БЕ?

20 тамыз – масаларға назар аударылатын күннің бірі. Бұл күн адамдарға масаның ерекшеліктері, олардың тіршілік ету ортасы, көбею жолдары және олардан қорғану шаралары туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді. Әсіресе жаз мезгілінде масалар көбейетіндіктен, олардан қорғану мәселесі өзекті бола түседі.

Масалар қайдан пайда болады?

Масалар – өте көне жәндіктің бірі. Олар әлемнің көптеген бөлігінде кездеседі және қоршаған орта жағдайына тез бейімделеді. Жер бетінде масаның мыңдаған түрі бар. Әр түрдің тіршілік ету ортасы мен ерекшелігі басқа болғанымен, олардың көпшілігі көбею үшін суға тәуелді.

Масалардың тіршілік циклі жұмыртқадан басталады. Ұрғашы маса жұмыртқаларын суға немесе су жиналуы мүмкін орындарға қалдырады. Одан кейін жұмыртқадан дернәсіл шығып, суда тіршілік етеді. Кейін қуыршақ кезеңінен өтіп, ересек масаға айналады.

Сондықтан масалармен күресудің ең тиімді тәсілдерінің бірі – олардың көбеюіне қолайлы ортаны азайту. Ұй ауласында қараусыз қалған шелекке, ыдысқа немесе басқа да заттарға жаңбыр суы жиналса, ол масалардың көбеюіне жағдай жасауы мүмкін. Сол себепті мұндай орындарды уақытылы тазалап, судың жиналуына жол бермеу қажет.

Маса неге шағады?

Масаның барлығы бірдей адамды шақпайды. Әдетте қанмен қоректенетіндері – ұрғашы масалар. Қан олардың жұмыртқаларының жетілуіне қажетті қоректік заттарды алуға мүмкіндік береді. Ал масалардың қоректенуі тек қанмен шектелмейді: көптеген ересек масалар өсімдік шырыны мен гүл нектарын да пайдаланады.

Маса адамды табу үшін бірнеше белгіге бағдарлана алады. Олардың ішінде адамның тыныс алуынан бөлінетін көмірқышқыл газы, дене жылуы және дене иісі маңызды рөл атқарады. Сондықтан адам көп шоғырланған жерде масалар да жиі байқалады.

Маса шаққан кезде оның сілекейі адамның терісіне түседі. Ағза оған жауап

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

Әпкем тұрмысқа шығатын күні бәріміз түгел үйге жиналды. Ауылда ұрлық жиі болатындықтан, шаңыраққа көз-құлақ болсын деп апамды шақырдық. Ол болса, бізді шығарып салып, есікті іліп алды. Алайда сол түннен кейін апам біздің үйдің босағасын аттап баспайтын болды.

Бірде үйінде шай ішіп отырып, оған не себеп екенін сұрадым. «Сендер кеткен соң, жатын бөлмеге төсек салып, телефонды ұстап жата қалдым» деп бастады ол даусы дірілдей.

– Экранын төмен түсіре бергенімде... Дәл алдымда біреудің тұрғанын байқадым. Өте жақын... Басымды көтерсем, жасы 12-13-тердегі бейтаныс қыз бала маған төбеден төніп қарап тұр екен. Жүзі өлімші, сұп-сұр. Жанарын бір аудармастан маған сұқтана қарап қалыпты...

Үрейден жүрегі тоқтап қала жаздаған апам амалсыздан көрпені бүркемеді. Тыныс алуға да батпай, он-он бес минут бойы үрейден бүрісіп жатады. Өрен легенде көрпені ашып сығаласа... Ешкім жоқ. Түк те ойланбастан, ол заттарын жинап, сол түні үйден қашып шыққан. Содан бері ол біздің үйдің босағасын аттап басуға да батпайды екен.

Бір қызығы, ол қызды мен жақсы білетін едім. Осыдан бір ай бұрын анам мен әжем алыстағы тойға кеткен. Мен ҰБТ-ға дайындықты сылтауратып үйде қалдым. Танғы сағат 3-4-тердің

шамасы. Оқудан шаршап, ас бөлмесіне су ішуге шықтым. Есікті аша бергенімде, денеме ине сұғылғандай болды. Алдымда әппақ көйлек киген кішкентай қыз жылап отыр екен. Апам айтқандай, жасы 12-13-терде. Жанарамыз түйісіп қалғанда, үстімнен мұздай су құйып жібергендей өн бойым мұздап, бойымды сұмдық үрей биледі. Өзімнен қайдан күш тапқанымды білмеймін... Ақырын кері шегініп, бөлмеме кіріп, төсегіме оранып жата қалдым.

Танғы 6-да қайта тұрып, бойымдағы үрейді басуға тырыстым. Орта бөлмені есіктен сығалап қарадым. Ешкім жоқ. Ас бөлмеге жол тартқаным сол еді, бір дүниені байқап қалдым. Ақ киген қыз қолын біздің ескі диванға сүйкеп отырған. Ал қазір ол жерде шынтақтың ізі анық көрініп тұр еді...

Негізі бұл үйдің түрлі мистикалық құбылыстары туралы әпкелерімнен де жиі естейтінмін. Ал қазір олар арман қуып Алматыға кетті. Осыны жазып отырып, балалықта болған бір оқиға есіме түсті.

Түсім көбіне есте қала бермейді. Бірақ бір он күн аралығында бірдей түс көре бастадым. Сол қызды жиі түсімде көремін. Бірге ойнаймыз. Ал біздің үйдің астында баспалдақ бар. Онымен түссек, жаңа досымның үйін көреміз. Өзі секілді әппақ. Үйінде анасы, әкесі және кішкентай інісі бар. Бірде мен жақта, бірде оның үй жағындамыз. Бірде баспалдақпен төменге түсіп бара жатқанымда, әжем қолымнан шап беріп ұстап алып, «Олардың үйіне барма» деп жібермей қалды.

Келесі күні түсімде досыма әжемнің қарсы болғанын айттым.

– Егер үйдегілерің қарсы болса, біз жакка келме!, – деді ол.

Сол күннен бастап ол менің түсіме кіруін қойды. Кейін бұл оқиғаны әлкеме айтқанымда, оның жауабы төбеме жай түсіргендей болды.

– Мен де түс көретінмін... Бірақ сен айтқан ақ үйдің орнында төрт мола көрдім.

Түсімдегі қыз өңімде де пайда болды. Мен оның ата-анасын көрмедім. Бірақ інісін

менен екі жас үлкен әпкем көріпті. Үйде үнемі себепсіз заттар құлап, өз-өзінен шырылдайтын, тысырлаған дыбыстар шығатын. Мүмкін соның балалығы ма екен деп те ойладым. Бірақ әпкемнің айтқан оқиғасы бәріміздің төбе шашымызды тік тұрғызды.

Бұл оқиға кешкі уақытта болған екен. Әпкем ауладан үйге кіріп бара жатқанда, артынан кішкентай ұл бала пайда болып, оның аяғына жармасып, соңынан қуған. Әпкемнің үрейленгені соншалық, біраз уақыт бойы үйге кіруге батпай, далада дірілдеп тұрады. Үйге кірсе, айнала тым-тырыс. Өлі тыныштық. Өлгі бейне ғайып болған...

Біздің үйдің астында не барын, ол төрт жанның кім екенін және неге бізден кетпей жүргенін біз әлі күнге дейін білмейміз. Тек бір дүние анық. Олар бізбен бірге, бәлкім, бір бөлмеде әлі де өмір сүріп жатыр...

Мейір НИЕТ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			
БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ		Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН		Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	
Ақмешіт ЖАСТАРЫ Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VРУ00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.		Кезекші редактор: Фарица ТӨРЕХАНОВА	
		Таралымы: 4530 Тапсырыс: 1425	